



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан  
бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 5 ҚАЗАН, 2024 ЖЫЛ №112 (23 434)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

## Құрметті білім беру саласының қызметкерлері, қадірлі мұғалімдер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Күн сайын сіздер жас ұрпақты тәрбиелеп, қажыр-қайраттарыңыз бен білімдеріңізді сарп етіп, еліміздің болашағын құру ісіне атсалысып келесіздер. Біздің әрқайсымыз үшін ұстаз ұғымы ерекше терең мәнге ие. Бұл сөз біздің ел азаматы ретінде қалыптасуымызға ықпал еткен ұстаздарымыз туралы жылы естеліктерге толы.

Ұстаз болу үнемі өзін-өзі дамыту мен шығармашылық ізденісті қажет ететін жауапты мамандық. Сіздердің еңбектеріңізде ұлт болашағының кілті жатыр. Қазақтың ұлт қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім – мектептің жаны» деп тегін айтпаса керек. Бұл сөзде үлкен мән бар. Себебі, шынайы ниетпен істеген жұмыстың берер нәтижесі мол болмақшы.

Құрметті ұстаздар, осынау мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке және кәсіби өсу мен жаңа шығармашылық жетістіктері тілейміз. Оқушыларыңыз жаңа білім биіктерін бағындыра берсін!

Мереке құтты болсын!

**Е.БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Н.ҚОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы

## • ФОРУМ

# Бірлескен жұмыс берекеге бастайды

Халық мәселелерін шешуге көмектесіп, адамдар мен әкімдіктер арасында көпір болып жүрген мәслихаттың рөлі бүгінгі таңда өзгерген. Олардың екпінді жұмысының ықпалымен бүгінде қоғам белсенділігі артып, мәслихат депутаттары еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, жұртшылық пен билік арасын байланыстырып келеді. Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында сөз сөйлеген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та осы мәселелерге назар аударды. Атап айтқанда, депутаттар еліміздің өзекті мәселелерін белсенді талқылап, елі дамуы үшін маңызды бастамаларды ұсынып отырғанын атап өтті.

**Салтанат ІЛІЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Референдумнан кейінгі өзгерістер

Алдымен Қасым-Жомарт Кемелұлы мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтті. Бұл 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілуі нәтижесінде мүмкін болды. Яғни, Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейіп, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданды.

– Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті. Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің оннан бірі ғана – партиялық тізіммен келген депутаттар. Қалғаны түгел – бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған – 434 адам депутат атанды, – деді Мемлекет басшысы.

Реформадан кейін партиялық тізімде жастарға арнайы квота бөлінгенін білеміз. Дәл осы шешім олардың қоғамдық-саяси



үдеріске араласуына жол ашып берді.

Президент бүгінде жас депутаттар түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүргенін де айтты. Одан бөлек, билікте әйелдердің қатары көбейе түсті. «Елімізде қыз-келиндердің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетілуде. Әйелдердің құқығын қорғауға баса назар аударылып жатыр. Осының бәрі реформаның нақты нәтижесі екені сөзсіз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Біліктілікті арттыру – маңызды

Қасым-Жомарт Тоқаев депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды. Оның алғашқысы – мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру.

– Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі

арттыра түсу мәселесіне айрықша мән берген жөн.

– Қазір жаңа Бюджет және Салық кодекстері әзірленіп жатыр. Онда жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты реформаның ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Үкімет ауыл әкімдерінің бюджетін қалыптастыру және оны жұмсау тәсілдерін қайта қарауы керек. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаржылық дербестігін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі қажет. Кодекс жобаларын талқылауға мәслихаттар белсене қатысқаны жөн. Жергілікті бюджет қаржысының дұрыс әрі тиімді бөлінуі өте маңызды. Депутаттар бұл мәселеге зор жауапкершілікпен қарауға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Бұдан бөлек, Президент мәслихаттар жалпыұлттық міндеттерді іске асыруға жәрдемдесуге тиіс екенін де айтты. Мәселен, өткен жылы депутаттар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңейтілген кеңеске қатысқан болатын. Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл тәжірибе жалғасатынын айтты. Себебі, мәслихаттар өңірлерде реформалар жүргізуде ерекше рөл атқарады. Осы орайда өзекті мәселелерді шешуге бағытталған АМАНАТ партиясының жобаларын атады.

– Партиялардың жалпыұлттық міндеттерді шешу ісіне жұмыла кірісетіні қуантады. Тоғыз мыңнан астам отбасы су басқан үйлерін жөндеуге және қалпына келтіруге төлем алды, алты мыңға жуық отбасына баспана сатып алуға қаржы бөлінді. Қысқа мерзім ішінде 2,5 мыңнан астам жаңа үй салынды. Жоспарланған 2680 үйдің 2620-сы пайдалануға берілді. Мұның барлығы – мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бірлесіп атқарып жатқан жұмысының нәтижесі. Мен саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар дәл осындай мызғымас бірлікте жұмыс істеуі керек деп санаймын. Түптеп келгенде, алдымызда тұрған мақсат – ортақ. Бұл – елімізді өркендету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, – деді Президент.

► 2-бет

## • МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# Қор – жеткілікті, баға – бақылауда

Алты ай жататын Арқаның қысы да қыр астында. Ауылдағы ағайын болса, көмір тиелген жүк көліктерінің жолын тосып жүр. Қысқа қара отын түсіруі қажет. Ал, мына жақтағы сату нүктелерінде кезек күткен жүк көліктері қорабына қара алтынды тиеуге асық. Дереккөздерге сүйенсек, аймақ тұрғындарын қара отынмен қамтамасыз ету үшін 740 мың тоннадан астам көмір қоры бар. Бүгінгі таңда 55 сату нүктесінде саудаланып жатыр. Оның 41-і теміржол тұйығында болса, 14-і – қоймада.

**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі уақытта аймақ тұрғындары көмірді сатып алуға белсенділік танытуда. Сату нүктелерінде жұмыс штаттық тәртіппен жүріп жатыр. Тіпті, сұраныс та артып келеді. Ал, мамандар көмір қорының жеткілікті екендігін айтады.

– Бүгінгі таңда қорда 43 мың тонна көмір бар. Оның 17 мың тоннасы – Қарағанды қаласында. Өңірді көмірмен қамтамасыз етуде ешқандай мәселе жоқ. Шұбаркөл көмірінің тоннасы орта есеппен 19 мың теңгеден. Мәселен, Пришахтинскідегі сату нүктесіндегі баға – 14 750 теңге. Айта кетейік, көмір бағасының өзеруіне тасымалдау нүктелерінің қашықтығы да әсер етеді, – дейді өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Ақидар Рымбек.



Пришахтинскідегі «Тепло в дом» көмір қоймасында тек Шұбаркөл көмірі саудаланады. Қоймадан бір тонна көмір алатын болсаңыз – 19 мың теңге. Дәл осы көмір түрін «Шұбаркөл Көмір» АҚ разрезінің өзінен барып сатып алсаңыз – 8 790 теңге шығады. Ал, Қарағандыдағы сату нүктелеріндегі баға – 14 750 теңге. Яғни, баға өзгергенімен, бекітілген шекті сомадан аспайды-мыс.

– Қоймаға күніне 30-50 жүк көлігі келіп көмір тиейді. Күніне қоймаға 24 вагон көмір түседі. Ешқандай мәселе туындап жатқан жоқ. Күн-түн жатып кезек күтетіндер жоқ әзірге. Қойма қызметкерлері жақсы қызмет көрсетуде. Соңғы тұтынушыға дейін үздіксіз жұмыс жасап жатыр. Қарбаластың бәрі әлі алда. Былтыр елдің бәрі соңынан алып еді. Сол кезде ке-

зек күтіп қалған жүк көліктері көп болған. Биыл да солай болатын сыңайлы. Сондықтан, аймақ тұрғындарынан ертерек кам жасауға шақырамын, – деді «ПСВ88» ЖШС көмір қоймасының директоры Никита Аносов.

Жылына 150 мың ғана тонна өнім өндіретін «Рapid» көмір шахтасында да жұмыс – қызу. Бұл көмірдің түрі басқалардыкіндей емес, жерасты әдісімен өндіріледі. Сәйкесінше, бағасы да жоғары. Атап айтсақ, бір тоннаның бағасы – 24 мың теңгеден басталады. Соған қарамастан күніне 15 жүк көлігі тиеп, тасымалдауда.

– Біз жұмыс істеп жатқан көмір шахтасы сонау 1920-1930 жылдары жұмыс істеп, 1968 жылы жабылып қалған. 2001 жылы ҚР Үкіметімен келісімшарт жасасып, 2032 жылға дейін жалға алдық. Әрі қарай жалға алу уақытын созу мүмкіндігі де бар. Ол жылдары техника дамымаған. Тіпті, арнайы көмір өндіруге арналған құралдар да болмаған. Ата-бабаларымыз осы шахтадан мүмкіндігінше қажетті көмір қорын игеріп, жауып кеткен. Қазір біз сол кісілерден қалған қорды арнайы техниканың көмегімен өндіріп жатырмыз. Сол себепті біздің жылдық мөлшеріміз аз. Әрі қымбат, – деді «Рapid» ЖШС директоры Андрей Белов.

Қарағандыда қара отынның қоры жеткілікті. Алаңдауға негіз жоқ. Ал, бағаға әкімдік тарапынан тұрақты мониторинг жүргізілуде.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**





# Бірлескен жұмыс берекеге бастайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент су тасқыны кезінде Атапарт партиясының барлық мүшелері қорғаныс бөгеттерін тұрғызуға және азаматтарды эвакуациялауға қатысқанын, «Ауыл» партиясының бастамасымен тұрғын үй мен әлеуметтік нысандарды қалпына келтіру үшін студенттік құрылыс отрядтары жедел түрде құрылғанын айтты. Одан бөлек, су тасқынымен күресу үшін екі жүзден астам арнайы техника жөнелтуді ұйымдастырған «Ақжол» партиясына да ерекше тоқталды. Дәл осы қиын-қыстау кезеңде Respublica партиясының, ЖСДП, Қазақстан Халық партиясы да шетте қалмай, зардап шеккендерге қолдау көрсетті.

– Мұның бәрі мемлекет, бизнес және қоғамның бірлескен жұмысының нәтижесі. Саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар осындай ұйымшылдықпен жұмыс істеуі тиіс деп санаймын. Сайып келгенде, біздің алдымызда ортақ мақсат – халықтың өмір сүру сапасын арттыру және еліміздің өркендеуі тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Әкім шаруаға ширақ болуы керек

Форм барысында Мемлекет басшысы реформалар нәтижесінде әкімдер институты айтарлықтай өзгергеніне де тоқталды. Қазір ауыл әкімдері тікелей сайланады. Аз ғана уақытта ауыл әкімдерінің корпусы 90%-ға жаңартылды. Пилоттық жоба ретінде аудандар мен облыстық маңызы



бар қалалардың әкімдерін сайлау жүйесі де сынақтан өтті. Бұл өз кезегінде ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау жүйесі елімізде жаңа саяси ахуалдың қалыптасуына жол ашты.

– Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Кәсіпкерлердің, қоғамдағы белсенді азаматтардың, жастардың арасынан шыққан әкімдер аз емес. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинап жатыр. Жедел шешім қабылдап, жұмысты дер кезінде ұйымдастыруға бейімделіп келеді. Бұл

қыста жылу-энергетика саласында күрделі жағдай болған кезде анық байқалды. Көктемдегі тасқын да кімнің қолынан іс келетінін нақты көрсетті. Шаруаға ширақ әрі елге жанашыр азаматтардың әкім болғаны дұрыс. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесіп жұмыс істегені жөн. Өйткені оларды мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, бағыл шешімдер қабылдағанда, қоғамдық сыннан қорықпауды

және жауапкершіліктен қашпауды айтты. «Әкімдіктер мен мәслихаттардың міндеті – мемлекеттік саясатты қатаң сақтау және оны ортақ мүдде үшін жүзеге асыру» екенін де баса айтты.

## Ел ертеңі үшін...

Президент бірнеше күннен кейін өтетін жалпыұлттық референдумның маңызына тоқталып, оған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жарқын көрінісі деп баға берді.

– АЭС құрылысына қатысты өз ұстанымымды бұған дейін бірнеше рет айттым. Әлемдегі

прогрестен шет қалмау үшін біз бәсекелестікте өз артықшылықтарымызды пайдалануымыз керек. Азаматтар қолдап дауыс берсе, бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жобаға айналады. Атом электр станциясын салу – ұзақмерзімді жоба. Бірақ бұл бастама еліміздің орнықты дамуына оңайлықтарға иеліретеді, сондай-ақ, инженерлер шоғыры мен өртүрлі бейіндегі мамандар легін даярлауға жағдай жасайды. Демек, оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы атом электр станциясын салуды жақтайтын халық штабының жұмысын атап өтіп, оның саяси партиялар мен түрлі қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, сондай-ақ, ғалымдарды, сарапшыларды, өндірушілерді, кәсіпкерлерді біріктіргеніне тоқталды. Кез келген қиындыққа қарамастан, біз тек алға ұмтылуымыз керектігіне де баса мән берді. «Алдағы референдум Тәуелсіздіктің барлық жылдарындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болады және еліміздің одан әрі дамуына оң әсер етеді» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, әлемдегі кез келген табысты демократиялық қоғам айналасына бей-жай қарамайтын азаматтардың арқасында ғана дамиды, өміршең болады.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев келер ұрпаққа қажетті жағдай жасау ортақ парызымыз екеніне назар аударып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтары қорғау, олардың жан-

жақты дамуы мемлекеттік саясаттың ең басты басымдығы болып қала беретінін жеткізді.

Сонымен қатар, Президент бақытты балалықтың негізі отбасы институты екеніне тоқталып, ата-аналарды тәрбие мәселесіне салғырт қарамауға шақырды.

– Әрине, заманауи технологиялар даму көзжиегін ашады, бірақ, сонымен бірге өмірімізге нақты қауіптер әкеледі. Танымал әлеуметтік медиа балаларды ғана емес, тіпті, ересектерді де нағыз зомбилерге айналдыра алады. Ата-аналар баланы тәрбиелеу жауапкершілігін мемлекет пен мектептерге жүктелі алмайды. Ата-ананың міндеті – балаға цифрлық гигиенаның қарапайым ережелерін үйрету, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Президент елімізде жауапты ата-ана болу идеясын ілгерілетуге бағытталған қоғамдық науқанды өрістетуге қажет деп санайтынын да айтты.

Ал, Қасым-Жомарт Кемелұлы тәуелділіктен арылу үшін оларға ел ішіндегі шынайы қаһармандарды насихаттау қажеттігіне тоқталды.

– Мысалы, жақында өткен Дүниежүзілік олимпиададағы шахматшы қыздарымыздың жарқын жеңісі үлгі етуге тұрарлық. Біздің оқушылар математикадан, физикадан және басқа да пәндерден өткен олимпиадаларда жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Осындай талантты балаларды қолдап, олардың ұстаздарын ынталандыру керек, – деді Президент.

Суреттер akorda.kz сайтынан

## • БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# Қысқа қапысыз қамданған

Шахтинск қаласының тұрғындары өткен қыста кейде жылу берілмей, пәтерлерінде қалтырағандарын әлі ұмыта қойған жоқ.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл ондай жағдай қайталанбайды, – дейді «Шахтинскжылу-энергия» ЖШС техникалық директоры Абылай Сейдуәлі баспасөз турына қатысқан журналистер алдында. – Соны болдырмау үшін біз жаз бойы шамамен жүз позиция бойынша жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Атап айтқанда, станция 2024-2025 жылдың жылыту маусымына жаңартылған 2 қазандық қондырғысымен, құбыр агрегаты және генераторымен, жөндеуден өткен 4 шақырым магистралдық және орамшылдық құбырлармен кіргелі отыр. Мұнда қазір 1 қазандық пеші жұмыс істеп тұрса, екеуі резервке қойылған. Алда-жалда қатты аяздар бола қалса, оның біреуі бірден іске қосылады.

Абылай Сейдуәлінің айтуынша, жабдықтардың үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында су экономикалары, ауа жылытқышының текшелері, газ қоралтары жана-сына ауыстырылып, экран жүйесі жөнделіп, бу тарату, қызып кету реттегіші тураланып, төселіп, құбырлар оқшауланып, тағы да басқа шаруалар атқарылыпты.

Соның нәтижесінде Шахтинск қаласы әкімінің жұрдағы өкімімен қаладағы жылыту маусымы 1 қазаннан басталып, 292 көпқабатты үй мен 56 әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық нысанға жылу берілген.

Осыдан былай «Шахтинскжылу-энергия» ЖШС қызметкерлері мен жылу желілері қызметтері жылу жүктемелерін өндіру мен ұстау режиміне көшіріліп, апатты жою бригадалары құрылған көрінеді. Қазірде серіктестік қоймаларында жинақталған 15 мың тонна көмір мен 500 тоннадан астам мазут бар. Мұның өзі қаланы жылумен жабдықтаудың тұрақтылығы мен сенімділігіне оң әсер етпек.

«Жақсыны көрмек үшін» демекші, бұдан кейін әріптестерімен бірге лаулап жанып жатқан бірінші қазандық пешінің және жедел басқару пунктінің жұмысымен танысуға тура келді. Тәулік бойы жұмыс істейтін станция ұжымы бұл жылыту маусымында 4 ауысымдық

қаза тапқаннан кейін кенттен аулақтау жерге салынып, 2021 жылы іске қосылған бұл станция осыменнен төртінші жылыту маусымын өткермекші. Оған дайындық барысын оның директоры Найыл Исмағилов әңгімелеп, айтып берді. Жоғарыдағы «Шахтинскжылу-энергия» ЖШС бөлімшесі болып саналатын мұнда да жылыту маусымына қызу қамданып, подшипниктер, қазандықтың кейбір құбырлары ауыстырылып, жаңаланған.

– Бұрын 30 мыңдай халқы болған бұл елдімекенде бүгінде 7,6 мың адам тұрады. Олар тұратын 111 көпқабатты үй мен біздегі 12 әлеуметтік нысанды қыс ішінде жылытуға осы станцияның қуаты толық жетеді. Онда да жұмыс істеп

«Еліміздің отын-энергетика кешені мен коммуналдық шаруашылығының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – тікелей Үкіметтің міндеті»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Президенті

кестесімен еңбектенеді екен.

Одан әрі біз Қазақстан көшесінде ауыстырылып, жылытқышпен оралып, ақ қанылтырмен қапталған 540 метр жылу құбырларын көрдік. Мұндай жұмыстар тағы да 6 көптең жылу желілерінде жасалыпты.

Ендігі кезекте біздің маңдай тірегеніміз Шахтинск қаласының аумағына енетін Шахан кентіндегі жаңа қазандық болды. Осы кенттегі оқшау қазандықта 2017 жылы болған жарылыс салдарынан 9 адам

тұрған қазандық пен резервтегі екі қазандық бар, – деген еді тағы да Шахан кентінің әкімі Ғалым Өмірбеков.

Сондықтан да, құлақпен естіп, көзбен көргеніміз бар, біз де алдағы қыстан шахтинскіліктер мен шахандықтардың тонып, жаурамай шығатынына сеніммен аттандық.

## ШАХТИНСК


Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Заңсыз құрылыстың зардабы көп

Жыл басында облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы жосықсыз құрылыс салушылардың тізімін жариялаған болатын. «Қара» тізімге іліккендердің қатарында қажетті рұқсат құжаттарының салынып жатқан 11 тұрғын үй кешені болды. Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, заңға қайшы әрекеттер әлі де болса бар. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аталған басқарманың есебін тыңдап, заңсыз құрылыстар жайлы пікірін білдірді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Салтанат ІЛНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Біз жүргізіп жатқан жұмыстарға қарамастан, заңға қайшы жағдайлар әлі де бар. Тиісті құжаттарсыз құрылыс мәселесі тек тұрғын үйлер мен бизнес нысандарына ғана емес, сонымен қатар, шаруа қожалықтарының шаруашылық құрылыстарына да қатысты. Көбінесе құрылыс нормалары ғана емес, жер заңнамасы да бұзылды. Біз жер учаскелерін мақсатсыз пайдалану, бөтен аумақтарды басып алу және құрылыс ережелерін бұзу фактілерін көріп отырмыз, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Бұл ретте заңға қайшы тұстар анықталған кезде шаруа қожалықтарының басшылары сәулет-құрылыс бақылау басқармасы салатын үлкен айыппұлдарға шағымдана бастайды, оларға бизнесті дамытуға тыйым салынады. Одан бөлек, кейіннен бірқатар мәселелерге тап болатынын да айту керек. «Мұндай нысандарды

кепіл ретінде пайдалану, субсидия алу немесе заңды түрде пайдаға беру мүмкін емес. Салдарынан бұл бизнестің дамуын тежейді және үлкен айыппұлдарға алып келуі мүмкін» екенін айтады аймақ басшысы.

Жыл бойы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы әкімшілік айыппұлдар мен техникалық тексерулер арқылы Шет, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарының ауыл шаруашылығы мақсатындағы төрт нысанды, атап айтқанда, Қарқаралы, Ақтоғай аудандарында, Қарағанды, Балқаш қалаларында 38 дүкен мен домхана, одан бөлек, Приозерск, Балқаш, Қарағанды қалаларында және Ақтоғай ауданында алты демалыс аймағы мен монша пайдалануға берілгенін анықтады.

– Жылжымайтын мүлік сатып алмас бұрын құрылыс салушылардың тиісті құжаттарын мұқият тексеріп алу қажеттігін еске саламын. Сіздердің үй салуға қажетті құжаттарды талап етуге құқықтарыңыз бар. Сондай-ақ,

нысанды сәулет-құрылыс бақылау басқармасының сайты арқылы тексеруге болады. Мұнда тиісті акпараттар жаңартылып отырады. Жаңа құрылыс кодексінің енгізілуімен құрылыстың барлық кезеңдерін мемлекет тарапынан бақылау күшейтілетінін еске салғым келеді. Сондықтан, барлық құрылыс салушылардан заңнаманың талаптарын қатаң сақтауды және рұқсат беру құжаттарының толық пакетінің құрылысқа кіріспеуі сұраймын, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Сондай-ақ, аймақ басшысы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы мен әкімдіктердің рөлі – бизнесті жазалау емес, керісінше, құқықтық сала бойынша көмектесу екенін де атап өтті облыс әкімі.

«Осы арқылы ғана бизнес өркендетті құрылыс нарығын дамытып, сатып алушылардың сенімін арттыра алады», – деді ол.

Сурет Қарағанды облысы әкімдігі сайтынан







Ұстаздарға арналған қосымша

• МЕРЕЙ

# Білім саласындағы бірегей мүмкіндік

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында еліміздің білім беру саласын күтіп тұрған оң өзгерістерге назар аудару қажеттігіне аса мән беріп өтті.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев орта білім саласын «табысты ұлт болудың маңызды шарты» деп бағалайды. XXI ғасыр – білім мен біліктілік сыңға түсетін тарихи уақыт. Сол себепті, өскелең ұрпақтың білім алуына толыққанды жағдай жасалғанда ғана халқымыз табысты ұлт деңгейіне көтеріле алмақ. Осы орайда, Жолдауда көтерілген «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының қолға алынуы құптарлық жайт. 2025 жылға дейін 800 мың бала заманауи мектептермен қамтылады. Бұл дегеніміз – білім саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыратын маңызды фактор.

2026 жылдан бастап мектептерде «Білімнің мазмұндық өзегі» деген жаңа ұғым пайда болады. Бұл – ұлттық құндылықтарды білім арқылы дәріптеуді мақсат етеді. «Тәрбие сағаты» сияқты қосымшалар бұдан былай бекітілген пәндерге енгізіледі, яғни, өзегі болады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласы жыл сайын дамып, халықаралық стандарттарға сай болуға ұмтылып келеді. Бұл үрдіс әлемдік білім беру жүйесіндегі өзгерістермен және Қазақстанның ішкі әлеуетін нығайтумен тығыз байланысты. Жаңа межелер мен реформалар білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде көрініс табуда – мектепке дейінгі білімнен бастап, ғылым саласына дейін!

Қазіргі таңда Қазақстан білім беру саласындағы ең басты бағыттардың бірі – цифрландыру. Қашықтан оқыту және онлайн платформада білім алу 2020



Коллажы жасаған А.Рақышев

жылғы пандемия кезінде аса өзекті болды. Бұл тәжірибе Қазақстанның білім беру жүйесінде жаңа бетбұрыстарға жол ашты. Бүгінгі күні көптеген мектептер мен университеттер жаңа технологияларды енгізіп, электронды оқулықтар, виртуалды зертханалар және цифрлық ресурстар арқылы оқыту үрдісін жетілдірді.

Қазақстанның жаңа межелерінің бірі – білім сапасын арттыру. Оқушылардың халықаралық рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуі маңызды мәселе болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін оқу бағдарламалары жаңартылып, жаңа әдіс-тәсілдер енгізілуде. Мысалы, PISA, TIMSS секілді халықаралық зерттеулерге қатысу арқылы оқушылардың функци-

оналдық сауаттылығы бағаланады. Оқу жоспарлары тек білім беру ғана емес, сонымен қатар, шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қазақстанның білім беру саласындағы маңызды межелерінің бірі – үш тілді білім беру жүйесін енгізу. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін нығайту, орыс тілін меңгеру және ағылшын тілін білу арқылы жаһандық ақпараттық кеңістікке қол жеткізу маңызды міндеттердің қатарында. Үш тілді оқыту білім алушылардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттырады және олардың болашақтағы мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Сонымен қатар, Қазақстан инклюзивті білім беруді дамытуға

ерекше назар аударып отыр. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру қолжетімді болуы үшін мектептер мен балабақшаларда арнайы бағдарламалар мен ресурстар қарастырылуда. Бұл бағытта ұстаздардың біліктілігін арттыру және инклюзивті орта қалыптастыру маңызды.

Біздер бүгінде әлемдік бәсекелестікке бағдар алдық. Сондықтан, кез келген үдеріс ғаламдық көзқарас тұрғысынан бағаланып тұрады. Шексіз мүмкіндіктер ғасырына тап келіп осындай глобалды мәселелерге мән бере аларлық мүмкіндік жаралып жатқанына өз басым әрі таңмын, әрі бек қуаныштымын. Әл-әзір Мемлекет басшысы берген бағдар бізді жаңа көкжиекке көз жүгіртуге итермелейді. Осы

## Құрметті мұғалімдер мен педагогикалық қызмет ардагерлері!

Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Мұғалімдік – ең қажет, маңызды және құрметті мамандықтардың бірі. Сіздер балаларға терең білім беріп қана қоймай, сонымен қатар, шәкірттің моральдық бағдарларын тәрбиелей отырып, олардың таланттарын ашуға көмектесіңіздер және тәуелсіз өмірге дайындайсыздар.

Бұл қызметтеріңіз кез келген жұмыстан да артық. Бұл мұрағат-мақсат бірнеше ұрпаққа сәтіммен жалғасу үшін осыныша сүйіспеншілікті, даналықты, адалдықты және шыдамдылықты қажет ететіндей.

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы» деп бекер айтпаған. Өйткені, өзге баласына өз бала сияқты қарап, мейірім мен махаббат беру үшін үлкен жүрек керек.

Сонымен қатар, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» демекші балаға білім ғана беру аздық қылады. Оны патриот әрі еңбекқор, бәсекеге қабілетті, жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін ұстаздар қауымы жатпай-тұрмай еңбек етеді.

Білім беру жүйесінің барлық қызметкерлері мен тәрбиешілер қауымына сарқылмас қуат пен жігер, сүйікті ісіне табыс, зор денсаулық, бақыт пен амандық тілейміз!

Мейрам КОЖУХОВ,  
Қарағанды қаласының әкімі  
Алтынтөре БӨКЕНОВ,  
Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы

• МЕКТЕП ӨМІРІНЕН

# Ордалы тәрбие ошағы

Майқұдықта қазақ тілінде білім беретін №14 мектеп-гимназиясы ашылғанда жергілікті тұрғындардың қуанышы қойнына сыймады. Өйткені, манайда қазақ тілді қарашанырақ Жамбыл атындағы №7 гимназия мен Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп қана. Оларға барлық баланың сыймайтыны тағы анық. Көбі – аралас мектеп. Қазақ балалары үйінің іргесіндегі жаңадан ашылған осы №14 мектеп-гимназияға бірден бауыр басты.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Мектептің құрылысы жүріп жатқанда оқушылар келіп, «Қашан ашылады?» деп сұрап жүріпті. Бұл қазақы рухта өсіп келе жатқан еркін ойлы жас буынның жүрек қалауы болса керек.

Сонымен, Қарағанды қаласы әкімдігінің «№14 мектеп-гимназиясы» коммуналдық-мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың 1 қыркүйегінде ресми түрде ашылды. Директоры – Өрікбай Аринов.

Мектеп-гимназия гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдете оқытады. Мектеп басшысы Өрікбай Серікұлы да – осы бағытта «Жылдың үздік мұғалімі» атанған білікті маман.

Айтсыкер ақын, руханият жанышары Айтбай Жұмағұловтың бастамасымен, қалалық білім бөлімінің қолдауымен мұнда жыршы-жыраулар сыныбы ашылды. Сыныпқа балалар құлшына барып жүр.

2022-2023 оқу жылының басында 30 сыныппен ашылып, оқушылар саны 736 оқушы болса, 2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптар 38 сыныпқа жетті. Бұдан бөлек, мектепке дайындайтын екі

сынып бар. Барлығы – 40 сынып. Бұл күн санап мектепке ауысып келушілердің қатары көбейгенін көрсетеді.

Ал, оқушылар саны 2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптарда 961 оқушыны құрап отыр. Оған дайындық сыныптарындағы 58 оқушыны қоссақ, барлығы – 1019 оқушы қазақ тілінде сапалы білім алуа.

Сонымен қатар, мектепте украин, орыс, қарақалпақ, өзбек, татар этнос өкілдерінің балалары да қазақ тілінде оқиды.

Оқушыларымыз Абай, Мағжан, Шәкәрім, Сәкен, Жүсіпбек, Қасым оқуларынан жүздеген орын иегерлері атанып жүр. Республикалық пән олимпиадасы, «Алтын сақа» (қала, облыс, республика) байқауының да жүлделі орындарынан көрінді. «Үздік жоба» байқауы, «Зерде», «Ақбота», «Кенгуру», «Дарын онлайн», «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасынан да жеңімпаз атанды. Спорт бағытында «Асық ату», «Бес асық», «Бес табан» ойындары бойынша қалалық, облыстық жарыстардан топ жарса, SARYARQA телеарнасының «Сәлем, Қарағанды!» бағдарламасының тұрақты қатысушылары

екенін айту керек. Сондай-ақ, мектеп-гимназияны биыл 57 түлек аяқтап шықса, соның 32-сі грант иегері атанды. Мектебіміздегі үйірмелердің қатарын «Садақ ату» үйірмесімен толықтырғалы отырмыз. Бұл идея Көшпенділер ойынынан кейін туындады, – деп атап өтті Өрікбай Серікұлы.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, кемел тұлға қылып тәрбиелеу үшін үйірмелер мәселесі шешімін тапқан.

Мектепте балалар асық атуды үйрететін «Бес асық» клубы, қазақша күрес, футбол, волейбол, баскетбол, теннис, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, таэквондо, гимнастика клубтары тегін. «Туған өлкем», «Домбыра дастан» үйірмесі, «В гостях у сказки» куыршақ театры үйірмесі, би үйірмесі, Көлеңке театры, «Серпін» дебат клубы, «Жас эколог», «Өрнек», «Шебер колдар», English grammar, «Better late than never», «Занимательный русский язык», «Математика әлемі», «Тіл дамыту», «Жас оқырмандар», робототехника, «Жас жол инспекторлары», «Жас журналистер», «Табиғаттың жас қорғаушылары» сынды көптеген тегін үйірмелерге оқушылар қатысып жүр. Бұларға жемісті жұмыс істеп тұрған «Әкелер» клубын қоссаңыз.

Мектепте жаңа технологияларды меңгеру мақсатында «STEM», IT технология және авиағарыш, робототехника, медиа студия жұмыс істейді. Егеменді ел азаматын тәрбиелеудегі тіл мамандарының бірден-бір



алдына қойған міндеті – оқушыны тіл мәдениетіне байланысты теориялық білім бере отырып, оны өмірде орынды қолдана білуге баулу. Тіл мәдениетін қалыптастырудың жолы – тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиеті үлгілері, көркем әдебиеті арқылы бала бойынша сіңіру. Оқыған шығармасы бойынша ойын көркем етіп жеткізуге білу де – тіл мәдениетін меңгерудің бірден-бір шарты. Әр оқушы өз халқының, ана тілінің мұрагері болу керек. Осы орайда «Алтын қалам», «Руханият», «Сөз шебері» сынды вариатив сабақтары өткізіледі. Одан бөлек, тілдік құзыреттілікті арттыру мақсатында өткізілетін Speaking in English, Environmental problems and solutions, Journey to the English world, Travels and sights сабақтарын да атап айту керек.

Сондай-ақ, «Сингапурлық математика», «Геометрияның дамыту есептері», «Математикалық сауаттылық», «Жас зерттеуші» үйірмелеріне де оқушылар қызыға барады. Оқушыларды ынталандыру мақсатында «Жылдың үзкі сыныбы», «Жыл оқушысы» сынды қорытынды бағалау да ойластырылған, – дейді мектеп-гимназия директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Орынғұл Жанұзаққызы.

Гимназияда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 15 минуттық қоңырау кезінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында асық ату, қол күрес ұлттық ойындары ойнатылады. «Жарқнай» журналы да білім алушыларды ынталандыруға зор көмек.

– Осы гимназияның 11 «А» сыныбында оқимын. Мектебім өзіме

қатты ұнайды. Аралас мектептен гөрі, қазақ тілді білім ошағында білім алудың артықшылығы көп. Бастысы, өзінді еркін сезінесің. Өзге тілдерді де үйренуге құлшынысың зор болады. Мектеп басшылығы, ұстаздары – өте қарапайым әрі білікті. Мен оларды өз туысымдай жақсы көремін. Бар уақытымды білім алуға, білмегенімді үйренуге жұмсаймын. Ол үшін мектепте бар жағдай жасалған. «Жыл оқушысы – 2023» байқауында бақ сынадым, – дейді ерекше аттестатқа үміткер Айшанұр Аленова.

Қысқасы баланың ынтасы болса, мұнда бәрі бар. Бір сөзбен аталған мектеп-гимназияны «Ордалы білім ошағы» деуге болатындай...

Суреттер мектеп-гимназия мұрағатынан алынды



• ТӘЖІРИБЕ

# Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық ойынның маңызы

Қазіргі жаһандану дәуірінде қай салада болмасын ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу арқылы жетістікке жете аламыз. Әсіресе білім беру саласында ұлттық кодты енгізу оны оқу-тәрбиеде орынды қолдана білу өте маңызды.

Халық арасында көп тараған шапшаң қимылды ойындар өздігінен еркін пайда болды, олардың ұзақтығы шектелмеді. Ойынның қарапайым ережелері, қимылдарға қойылатын талаптар ойынға қатысушылардың жалпы келісімімен қалыптасты, ойнаушылар арасында қай жерде, қашан ойнауды, қайда қашуға болатынын, жүргізушіге қанша адам ұстап алу керектігін өздері шешті.

Педагогикалық ойдың дамуына байланысты ұлттық ойындардың ішінен тәрбиелік маңызы өте жоғарылары біртіндеп таңдалады. Ұзақ тәжірибенің арқасында олардың мазмұны айқындалып, ережелері қалыптастырылады. Арнайы тәрбиелік мақсаттарды көздеген жаңа ойындар жасалады.

Мазмұны мен балаларды ұйымдастыру жағынан ойындардың сан алуандығы олардың ішінен күн мезгіліне, өткізілу шарттарына сай балалардың жасына қарай, олардың дайындық деңгейін ескеріп, сондай-ақ, педагогтің алдына қойған мақсаттарына тура келетіндей етіп таңдап алуға мүмкіндік береді.

Балалардың дені сауықтыру мен бекіту, қажетті қимылдарға бейімділігін қалыптастыру, балалардың көңіл күйінің көтеріңкі болуына жағдай жасау, оларды тәртіп пен достық қарым-қатынастарға, өз құрдастарының арасында іс-әрекет жасауға баулу, олардың сөз байлығы мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру – педагогтің сан алуан ойындық тапсырмалар арқылы іске асыра алатын тәрбиелік мақсаттары.

Халық ойындарын іс жүзінде өткізу оларды тереңірек зерттеп, іріктеуді қажет етеді. Ұлттық ойындарға толыққанды сипаттама олардың пайда болуын және дамуын зерттеуді оларды этнографиялық зерттеу, педагогикалық бақылаумен пікірлерге сүйене отырып жүргізгенде ғана беруге болады. Этнографиялық зерттеулер барысында қазақтың ұлттық ойындарының пайда болуы мен дамуына ерекше мән беріледі. Ойындардың мазмұны халықтың өмірі мен тұрмысының өзгеруіне сай ауысып отырады. Қазақтардың ұлттық ойындарына өз кезінде Орта Азия халықтарының ойындары әсерін тигізіп отырды, сол сияқты керісінше, кейбір Орта Азия халықтары қазақтардың бірқатар қызықты ойындарын өздеріне бейімдеді.

Қазақтардың ұлттық ойындары жоғары қызығушылыққа ие. Бұл



дене тәрбиесінің тамаша құралы және олар мазмұны мен сыртқы түрі жағынан сан алуан. Қазақтардың ұлттық ойындары командалық және командалық емес деп бөлінеді. Кейбір ойындар спорттық түрлеріне және жергілікті ойындарға дайындық ретінде қолдану мүмкін.

Қазақтардың ұлттық ойындарын оқушылармен жұмыста қолдану мынаны көрсетті: Бұл ойындар оқушылардың дене тәрбиесінің негізгі мәселелерін табысты шешуге, олардың денсаулығын жақсартып, өмірлік маңызды қимылдық

бейімділіктерін қалыптастыруға өте пайдалы. Олар оқушыларға белгілі бір тәрбиелік әсерін тигізеді: батырлық пен батылдыққа, табандылыққа, ұстамдылыққа, ұйымшылдыққа, жолдастық өзара көмекке, саналы тәртіпке үйретеді. Ұлттық ойындар сауықтыру мәселелерін шешуге де өз үлесін қосады: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру икемділіктерін дамытады. Кейбір ойындар оқушыларға гимнастика, жеңіл атлетика және спорттық ойындарда алған біліктерін жетілдіруге көмектеседі. Бұл ойындарды

біз жеке спорт түрлеріне дайындық топтарына жіктедік. Ұлттық ойындарда кейбір қиындықтар бар, оларды жеңу үшін оқушылар тиісті күш-жігер жұмсауы тиіс.

Қазіргі заман педагогикасында білімдік және тәрбиелік мақсаттар өзара тығыз байланысты. Сондықтан, білімдік мәселелерді шеше отырып, тәрбиелік мақсаттарды орындаймыз, ойын барысында табандылық, ұстамдылық, сабырлық, жеңіске деген құлшыныс сияқты көптеген тұлғалық қасиеттер қалыптасады.

Қазақ ұлттық ойындарында ойыншылар арасында белгілі қарым-қатынастар орнататын ережелер бар. Әрбір ойында ойыншылар сол ережеге сай әрекет етуі тиіс. Ақырында, сол ережелерге сай ойыншылар тиісті іс-әрекеттерді таңдау керек болады.

Ұлт ойындарының бойында тұтас педагогикалық үрдістің негізі бар. Бұл үрдістің құрамына оқу, оқыту, білім беру үрдістерінің табиғи бірлігі жатады. Оның дедактикалық негіздері «кімге нені, қалай оқыту керек?» деген мәселені қамтитыны белгілі. Осы орайда оқушы өз іс-әрекетін саналы түрде түсіне білуі мұғалімнің педагогикалық шеберлігімен тікелей байланысты екенін ескергеніміз жөн. Оқу мақсаты білу болса, оған қозғаушы күш түрткі. Оның түрткісі – жеңіс, ол шиеленіскен тартыс негізінде көрініс береді. Баланың осы жеңіске деген ұмтылысы оның дене күшін дамытуға, ақыл-ойын арттыруға, үздіксіз еңбек негізіндегі іс-әрекетін қалыптастыруға себепкер болады.

**Сабит СЕЙТБЕРГЕНОВ,**  
**«Озат» ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі**

• ӨЗЕКТИ

## Логопед қашанға дейін қат болады?

«Балам сөйлемейді» деп шағымданатын ата-ана көбейді қазір. Бұл логопед, дефектолог мамандарға сұранысты арттырып, мамандықтың қоғамдағы маңызын айшықтай түскендей. Бала дамуының бастапқы кезеңінде тілдің қалыптасуы үлкен рөл атқарады. Алайда көптеген балалар тіл кемістіктерімен немесе сөйлеу дағдыларындағы қиындықтармен кездеседі. Логопедтердің көмегі – дәл осы қиындықтарды жеңуде таптырмас құрал.



Сурет: Шығармалар

**Жансая ОМАРБЕК,**  
**«Ortalıq Qazaqstan»**

Сала мамандары бір жастағы баланың сөздік қорында «мама», «бер», «ішем», «су», «папа», «ата», «апа», «әже» деген сөздер 1000 сөз болуы керектігін айтады. Екі жастағы баланың сөздік қоры 70 сөзден тұруы керек, әрі сөз тіркесін айта алуы керек. Мысалы, «мама, берші», «су ішемін», «папа, жүрші» деген сөздер екі сөзден құралған сөздерді айтуы керек. Үш жасар баланың сөйлеу тілінде 700 сөз болады. Яғни, бала әңгіме құрастырып айта алады. «Мен балабақшаға бардым», «папай тамақ берді» деген сөздерді әңгіме айтуы қалыптасады.

Төрт жастағы баланың сөздік қоры 1000-1200 сөзге дейін, бес жастағы баланың 5 мың сөзге дейін жетуі тиіс. Бала әңгіме құрап, сұраққа жауап беріп, үлкен адамдарша кері байланыс беруі керек делінеді. Бұл – қалыпты даму динамикасының нормативі. Алайда, мұндай «көрсеткішпен» ата-ананың барлығы бірдей мақтана алмайды. Екінші бірінде бар деп айту қиын. Бала тіліннің кеш шығу себебін ешбір маман тап басып айта алмайды. Бірақ, көмектесе алады. Логопедтер балалардың және ересектердің сөйлеу дағдыларындағы бұзылыстарды анықтап, оларды түзетумен айналысады. Оларға дыбыстарды дұрыс айта алмау, тұтығу, фонетикалық кемшіліктер және тіл дамуының кідірісі жатады. Мұндай кемшіліктерді ерте анықтап, түзету арқылы балаға дұрыс әрі толыққанды тілдік дағдылар қалыптастыруға болады.

– Логопед, логопед-дефектолог мамандар бүгінгі қоғамға аса қажет. Алайда, ол тапшы мамандық болып тұр. Неге маман аз? Мұның бір себебі, жас мамандар бұзылысы бар балалардан қорқайды, олардың бұзылысын түсінбейді деп ойлаймын. Оның үстіне тәжірибесі де аз. Мұндай балаларда агрессия байқалады, маманды тыңдамауы мүмкін. Маман өзін тыңдатып, айтқанын істете білуі керек. Бала сол маманға бағынып, үйреткенін сіңіре білуі қажет. Жастар көп оқып, тәжірибе жинақтағаны жөн. Тәжірибесі аз болған соң өзіне сенімсіз. Бұл ретте медициналық білімі болғаны жақсы. Баланың нақты кемшілігін тауып, сонымен жұмыс жасауы керек болады. Себебі, бұзылыстың мидың қай бөлігінде екенін, қай нейрондардың дұрыс жұмыс жасамай тұрғанын білу маңызды, – дейді Жанәгул Баекенова.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде логопедтер мектептерде, балабақшаларда және арнайы білім беру мекемелерінде жұмыс істейді. Логопед кызметі көбінесе арнайы білім беру мекемелері мен психологиялық-педагогикалық қолдау қорсету орталықтарында жүзеге асырылады. Мұнда сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға кешенді көмек ұсынылады, оның ішінде, логопед, дефектолог және психолог мамандары жұмыс істейді. Қызметтер мемлекеттік қолдауға ие және әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңызды рөл атқарады.

– Жалпы білім беретін барлық мектептерде логопедтің болғаны дұрыс. Логопед қазір аса қажет мамандық. Қазір балаларда тіл кемістігі, сөйлеу кемістігі көп кездеседі. Кішкентай балаларда ғана емес, мектеп жасындағы балаларда да бар ондай. Көбінесе ата-аналар жеке логопедтердің қызметіне жүгініп жатады. Өрине, ол да қалтаны қағады. Мектепте болуы керек деп ойлаймын. Мұндай кемісті бар баламен жұмыс кешенді болуы тиіс, – дейді С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Зүбайра Әлімбаева.

Логопед қызметіне сұраныс өскен сайын, сала мамандарының кәсіби дамуы да маңызды. Логопедтер үздіксіз білім алуы, жаңа әдістерді меңгеруі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуы қажет. Ондай маманға төлеген ақшаң да адал.

• МӘСЕЛЕ

## Ауыл мектебінің ахуалы алаңдатады

Осылай деп шыр-пыр күй кешкен шалғайдағы мектеп директоры көп. Олар пәндік сабағын бес-алты сағатын саудалай алмай әлек. Өрекеті бар болғанымен, қарекеті жоқ. Ауылға қайырылатын қайраты бар жас мұғалімдер өкінішке орай қаланы қиып кеткісі келмейді. Ал ауыл балаларының білім сапасына кім алаңдайды, кім бас қатырады?

**Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,**  
**«Ortalıq Qazaqstan»**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында білім саласында қордаланып қалған мәселелерді саралай келе, ауыл мектептерін қала мектептерімен теңестіруге қажеттігін айтқан болатын. Шынында да, бұл – шалғай ауылдағылардың шымбайына бататын дүние.

Сонымен, облыста жалпы білім беретін 402 мектеп бар. Оның 231-і ауылда. 172 425 оқушының 40 753-і ауыл мектебінде білім алып отыр. Алыс-жақын ауылда 160 шағын мектеп болса, онда бағамдай беріңіз, мұғалім жетіспеушілігі қанша мектепте барын...

Мәселен, Теміртау қаласынан аса қашықта емес Красноярская ауылындағы мектепте 40 бала білім алады. Жаңа оқу жылы басталғанымен бастауыш сынып мұғалімінде 11 сағат, орыс тілінде 12 сағат, қазақ тілінде 4 сағат бар. Мұнымен қоса, физика, информатика пәнінен сабақ беретін мұғалім жоқ. Бірақ, амалдауға тура келеді. Көрші ауылдың мұғалімдері қатынап істейді. Мәселен, физика пәнінің мұғалімі аптасына бір мәрте келіп, күні бойы сабағын беріп жүреді. Сабақ кестесінің ретін осылай құрға мәжбүр.

– Ешкімге кіно артарымыз жоқ, 4-5 сағатқа қай мұғалім келеді? Бірақ сонда да «enbek.kz» электронды порталына бос жұмыс орнын жүктейміз. Аудандық білім бөлімі де түйіндемесі жолдап отырады. Қатынап сабақ беруге өшкір ниетті емес. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша мүлдем жас маман есігімізді ашқан емес. Жабьлып қалар деген қорқынышымыз да жоқ емес. Жылда бір сынып кеміп отырады. Мысалға биыл алтыншы сынып жоқ. Информатика мұғалімі Қызылжар ауылынан аптасына бір мәрте келеді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі де аптасына екі рет келіп, 7 сағат өткізеді. Математика пәнінің мұғалімі де аптасына үш мәрте келіп, сабағын өткізеді. Ол мұғаліміміз зейнетте. Жібемей отырмыз. Қолдан келер шарамыз осы болып тұр, өкінішке орай, – дейді мектеп директоры Ағзия Жұмабекқызы.

Онымен қоса, химия, биология, физика кабинеттерінде лаборатория жоқ. Сол себепті аттестация-

дан өтпей қалған. «Басқа мектептерге қарастырылса, ескі болса да солардан керек-жарақ алар еді. Мектебіміздегі оқушылар зертхана жұмысын көзбен көріп, қолмен ұстаушы еді», – дейді директор.

Директор Теміртаудан ауылдарына қатынайтын автобус кестесін оңтайландырып берсе дейді. Мүмкін сонда қаладағы мұғалімдер емінен-еркіні қатынап, балалар сапалы білім алар еді.

Бұқар жырау ауданы, Ынтымақ ауылындағы орта мектепке химия пәнінің мұғалімі қажет. Мұнда 43 бала білім алатындықтан 3 сағатқа ғана қажет. Қазір математика пәнінің мұғалімі беріп жатыр.

– Амалымыздың жоқтығынан химиядан математика пәнінің мұғалімі беріп отыр. Көрші ауылдан бір мұғалім қатынап, істеймін аса қашықта емес Красноярская ауылындағы мектепте 40 бала білім алады. Жаңа оқу жылы басталғанымен бастауыш сынып мұғалімінде 11 сағат, орыс тілінде 12 сағат, қазақ тілінде 4 сағат бар. Мұнымен қоса, физика, информатика пәнінен сабақ беретін мұғалім жоқ. Бірақ, амалдауға тура келеді. Көрші ауылдың мұғалімдері қатынап істейді. Мәселен, физика пәнінің мұғалімі аптасына бір мәрте келіп, күні бойы сабағын беріп жүреді. Сабақ кестесінің ретін осылай құрға мәжбүр.

– Ешкімге кіно артарымыз жоқ, 4-5 сағатқа қай мұғалім келеді? Бірақ сонда да «enbek.kz» электронды порталына бос жұмыс орнын жүктейміз. Аудандық білім бөлімі де түйіндемесі жолдап отырады. Қатынап сабақ беруге өшкір ниетті емес. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша мүлдем жас маман есігімізді ашқан емес. Жабьлып қалар деген қорқынышымыз да жоқ емес. Жылда бір сынып кеміп отырады. Мысалға биыл алтыншы сынып жоқ. Информатика мұғалімі Қызылжар ауылынан аптасына бір мәрте келеді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі де аптасына екі рет келіп, 7 сағат өткізеді. Математика пәнінің мұғалімі де аптасына үш мәрте келіп, сабағын өткізеді. Ол мұғаліміміз зейнетте. Жібемей отырмыз. Қолдан келер шарамыз осы болып тұр, өкінішке орай, – дейді мектеп директоры Ағзия Жұмабекқызы.

Онымен қоса, химия, биология, физика кабинеттерінде лаборатория жоқ. Сол себепті аттестация-

дан өтпей қалған. «Басқа мектептерге қарастырылса, ескі болса да солардан керек-жарақ алар еді. Мектебіміздегі оқушылар зертхана жұмысын көзбен көріп, қолмен ұстаушы еді», – дейді директор. Директор Теміртаудан ауылдарына қатынайтын автобус кестесін оңтайландырып берсе дейді. Мүмкін сонда қаладағы мұғалімдер емінен-еркіні қатынап, балалар сапалы білім алар еді. Бұқар жырау ауданы, Ынтымақ ауылындағы орта мектепке химия пәнінің мұғалімі қажет. Мұнда 43 бала білім алатындықтан 3 сағатқа ғана қажет. Қазір математика пәнінің мұғалімі беріп жатыр. – Амалымыздың жоқтығынан химиядан математика пәнінің мұғалімі беріп отыр. Көрші ауылдан бір мұғалім қатынап, істеймін аса қашықта емес Красноярская ауылындағы мектепте 40 бала білім алады. Жаңа оқу жылы басталғанымен бастауыш сынып мұғалімінде 11 сағат, орыс тілінде 12 сағат, қазақ тілінде 4 сағат бар. Мұнымен қоса, физика, информатика пәнінен сабақ беретін мұғалім жоқ. Бірақ, амалдауға тура келеді. Көрші ауылдың мұғалімдері қатынап істейді. Мәселен, физика пәнінің мұғалімі аптасына бір мәрте келіп, күні бойы сабағын беріп жүреді. Сабақ кестесінің ретін осылай құрға мәжбүр.

– Ешкімге кіно артарымыз жоқ, 4-5 сағатқа қай мұғалім келеді? Бірақ сонда да «enbek.kz» электронды порталына бос жұмыс орнын жүктейміз. Аудандық білім бөлімі де түйіндемесі жолдап отырады. Қатынап сабақ беруге өшкір ниетті емес. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша мүлдем жас маман есігімізді ашқан емес. Жабьлып қалар деген қорқынышымыз да жоқ емес. Жылда бір сынып кеміп отырады. Мысалға биыл алтыншы сынып жоқ. Информатика мұғалімі Қызылжар ауылынан аптасына бір мәрте келеді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі де аптасына екі рет келіп, 7 сағат өткізеді. Математика пәнінің мұғалімі де аптасына үш мәрте келіп, сабағын өткізеді. Ол мұғаліміміз зейнетте. Жібемей отырмыз. Қолдан келер шарамыз осы болып тұр, өкінішке орай, – дейді мектеп директоры Ағзия Жұмабекқызы.

Онымен қоса, химия, биология, физика кабинеттерінде лаборатория жоқ. Сол себепті аттестация-

дан өтпей қалған. «Басқа мектептерге қарастырылса, ескі болса да солардан керек-жарақ алар еді. Мектебіміздегі оқушылар зертхана жұмысын көзбен көріп, қолмен ұстаушы еді», – дейді директор.

Директор Теміртаудан ауылдарына қатынайтын автобус кестесін оңтайландырып берсе дейді. Мүмкін сонда қаладағы мұғалімдер емінен-еркіні қатынап, балалар сапалы білім алар еді.

Бұқар жырау ауданы, Ынтымақ ауылындағы орта мектепке химия пәнінің мұғалімі қажет. Мұнда 43 бала білім алатындықтан 3 сағатқа ғана қажет. Қазір математика пәнінің мұғалімі беріп жатыр. – Амалымыздың жоқтығынан химиядан математика пәнінің мұғалімі беріп отыр. Көрші ауылдан бір мұғалім қатынап, істеймін аса қашықта емес Красноярская ауылындағы мектепте 40 бала білім алады. Жаңа оқу жылы басталғанымен бастауыш сынып мұғалімінде 11 сағат, орыс тілінде 12 сағат, қазақ тілінде 4 сағат бар. Мұнымен қоса, физика, информатика пәнінен сабақ беретін мұғалім жоқ. Бірақ, амалдауға тура келеді. Көрші ауылдың мұғалімдері қатынап істейді. Мәселен, физика пәнінің мұғалімі аптасына бір мәрте келіп, күні бойы сабағын беріп жүреді. Сабақ кестесінің ретін осылай құрға мәжбүр.

– Ешкімге кіно артарымыз жоқ, 4-5 сағатқа қай мұғалім келеді? Бірақ сонда да «enbek.kz» электронды порталына бос жұмыс орнын жүктейміз. Аудандық білім бөлімі де түйіндемесі жолдап отырады. Қатынап сабақ беруге өшкір ниетті емес. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша мүлдем жас маман есігімізді ашқан емес. Жабьлып қалар деген қорқынышымыз да жоқ емес. Жылда бір сынып кеміп отырады. Мысалға биыл алтыншы сынып жоқ. Информатика мұғалімі Қызылжар ауылынан аптасына бір мәрте келеді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі де аптасына екі рет келіп, 7 сағат өткізеді. Математика пәнінің мұғалімі де аптасына үш мәрте келіп, сабағын өткізеді. Ол мұғаліміміз зейнетте. Жібемей отырмыз. Қолдан келер шарамыз осы болып тұр, өкінішке орай, – дейді мектеп директоры Ағзия Жұмабекқызы.

Онымен қоса, химия, биология, физика кабинеттерінде лаборатория жоқ. Сол себепті аттестация-



• КӨЗҚАРАС

# Ұлттық тәрбиемен ұштасқан үрдіс



Сурет ашық дереккөзінен

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңа оқу жылында жаңартылды. 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылатын жұмыстар құндылықтарға негізделіп, іске асырылатыны шегеленіп айтылды. Осы орайда Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның ұжымы бағдарламаны бірауыздан қолдап, жұмысқа қызу кірісіп те кетті.

Бағдарламаның мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Еңбеккерлік және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және жаңашылдық» құндылықтарына негізделген. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жанартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді. Осы ұстанымды ту ете отырып, гимназияда «Балалар кітапханасы», «Қамқор», «Шабыт», «Еңбекті адал жас өрен», «Үшқыр ой алаңы», «SMART BALA» жобалары құрылып, әрбір мұғалім пәндік мазмұнда, сынып сағатында, сыныптан тыс іс-шараларда және ата-аналармен жұмыста ұлттық құндылықтарды өз бойынан өткізе отырып, оқушы мен ата-ана бойына дарытуға жұмылған.

Бағдарламаның ерекшелігі әр ай бір құндылыққа негізделіп құрылуында болып отыр. Мысалға, қыркүйек – еңбеккерлік және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбеккерлік және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы болып бекітілген.

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды. Қыркүйек айында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұстаздары жоспарланған іс-шаралар мен ашық сабақтарда аталған құндылықтарды басышылық алып отырды. Айлық барысында гимназия оқушыларын еңбекке баулу мақсатында сынып жетекшілер «Таза сынып», «Үлгілі сынып», «Мен таңдаған мамандық», «Өнегелі 15 минут», «Smart Time» жобалары аясында қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Еңбек күніне орай «Талап. Еңбек. Терең ой» тақырыбында тағалымды кездесу ұйымдастырды. Әр кездесу барысында оқушыларымызға еңбекпен тапқан нанның тәтті болатынын, ата-ана еңбегінің қаншалықты құнды екендігін түсіндіруге тырыстық. Сонымен бірге, пән мұғалімдері өз сабақтарын оқыту кезінде еңбеккерлік, шынайылық, кәсіби біліктілік қасиеттерін оқушы бойына құя білді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының сабақтары да өнегелі әңгімелермен жалғасын тапты. Ата-анамен бірлескен жұмыста әр баланың адал еңбегі құрметтеуін, өскенде ата-ана алдындағы балалық борышты өтеу керектігі туралы сөз қозғалды. Әр отбасында ұлттық құндылықтарды сақтау керектігі және әр отбасыда күнделікті «Өнегелі 15 минут» жұмыстарын іске асыру керектігі талқыланды. Отбасындағы ұрпақтар сабақтастығы сақталып, аталар, әжелер тәрбиесін немере сезіне алса тәрбиенің құндылыққа толары сөзсіз.

Қазан айы «Отаншылдық және тәуелсіздік» құндылығына арналды. Бұл айда гимназияның бастауыш сынып кафедрасы өз әріптестерінің жұмысын жалғау мақсатында айлық жоспарларымен жұмыстарын бастап та кетті. Әр оқушының бойына отаншылдық құндылығын қалыптастыра алсақ, еліміздің болашағына еш алаң болмасы анық.

Ұлттық құндылықтар – ұлт болмысындағы ғасырлар бойғы мирас, қазына. Өз тарихын тереңнен ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білген елдің болашағы мәңгі. Келешек ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарымызды құюға мектеп, ата-ана, қоғам болып атсалыссақ, өскелең ұрпақтың саналы да салиқалы ұрпақ болары сөзсіз.

**Ақгүл ЖҰМАТАЕВА,**  
**Мағжан Жұмабаев**  
**атындағы гимназияның**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі**

• ҚОСЫМША БІЛІМ

## Шығармашылықты шыңдаудың шынайы үлгісі

Қосымша білім беру – бұл негізгі мектеп бағдарламасынан тыс жүзеге асырылатын білім беру қызметі. Ол балалардың танымдық, шығармашылық, спорттық немесе әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталады. Қазіргі уақытта қосымша білім берудің маңызы артып келеді, өйткені ол оқушылардың жан-жақты дамуына және олардың болашақта табысты болуына ықпал етеді.

Қосымша білім беру бүгінгі таңда ата-аналардың, оқушылардың өздерінің де тарапынан сұранысқа ие қызмет түріне айналып отыр. Қосымша білім берудің атқаратын бірқатар функциясы бар. Оның әуелгісі – оқушылардың қызығушылығын арттыру. Қосымша білім беру мектеп оқушыларының белгілі бір пәндерге немесе қызмет түрлеріне қызығушылығын арттырады. Мысалы, сурет салу, музыка, робототехника немесе спорт секциялары оқушылардың бос уақыттарын пайдалы өткізуіне мүмкіндік береді. Қосымша сабақтар балалардың мектеп бағдарламасындағы пәндерден тыс қызығушылықтарын дамытып, болашақтағы мамандықтарын таңдауға көмектеседі.

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Шығармашылық – бұл балалардың өмірінде маңызды рөл атқаратын қабілет. Қосымша білім беру олардың қиялын кеңейтіп, өздерін әртүрлі салаларда сынап көруге мүмкіндік береді. Мәселен, өнер, музыка немесе қолөнер сабақтары балаларға өздерін шығармашылық тұрғыдан дамытып, жана дүниелерді ойлап табуға мүмкіндік береді. Бұл тек сурет салу немесе ән айту ғана емес, сондай-ақ, бағдарламалау немесе инженерлік жұмыстарды да қамтиды.

Қосымша білім беру әлеуметтік дағдыларды дамытуға да әсер етеді. Қосымша білім беру сабақтары оқушылардың әлеуметтік ортада өздерін еркін сезінуіне және топпен жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіру-

ге септігін тигізеді. Топтық жобалар мен спорттық ойындар балаларды бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірімен тіл табысуға, жауапкершілік пен көшбасшылық дағдыларын дамытуға үйретеді. Бұл дағдылар өмірдің әртүрлі салаларында, әсіресе болашақ жұмыс орнында маңызды рөл атқарады.

Қосымша білім беру тек шығармашылық пен спорттық бағыттарға ғана емес, сонымен қатар академиялық үлгерімді жақсартуға да әсер етеді. Қосымша курстар, олимпиадалар мен пәндік үйірмелер балалардың білім деңгейін көтеріп, оқу үлгерімін арттыруға ықпал етеді. Оқушылар қосымша сабақтар арқылы өздеріне қиындық туғызатын пәндер бойынша терең білім ала алады, бұл олардың жалпы көрсеткіштеріне жақсартады.

Қосымша білім беру – мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды құрал деуге толық негіз бар. Ол балалардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытып, академиялық жетістіктерге жетуге көмектеседі. Сонымен қатар, балалардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіріп, болашақта табысты болуына негіз қалайды. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде қосымша білімнің маңыздылығы арта түсуде. Себебі, ол балаларды тек біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың өмірге деген көзқарасын кеңейтеді.

**Гауһар СЕЙДІҒАЛИ,**  
**«Достық» қосымша білім беру орталығының оқытушысы**

• БІЛЕ ЖҮРІЦІЗ

## Мамандық таңдауға дайынсыз ба?

Кәсіби өзін-өзі анықтау тұтастай алғанда жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауының ажырамас бөлігі болып табылады және құндылықтарының қалыптасуымен бірге жүреді. Сол себепті болашақта бағдарлауда өзін-өзі анықтау процесінің алғышарттарын талдай отырып, құндылық-адамгершілік негізін, адамның өзін-өзі анықтауда психологиялық тұрғыдан дайын болуын, өзін-өзі анықтауға моральдық дайындығын қалыптастыру процесін ескеру қажет.

Бастапқы кезеңде тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы мамандық таңдауға психологиялық дайындықтың қалыптасуымен сипатталады. Кәсіпті таңдауға психологиялық дайындық келесі негізгі компоненттерден тұрады: когнитивті бағалау (тұрақты кәсіби қызығушылықтың болуы, кәсіптің жеке тұлғаға қойылатын талаптарын туралы хабардар болу, өз қабілеттерінің мамандық талаптарына сәйкестігін барабар өзін-өзі бағалау) және реттеуші мінез-құлық (бастапқы кәсіби жоқпардың болуы, таңдаудың қоғамдық маңыздылығын түсіну, болашақ мамандықты таңдау жауапкершілігі, өзінің кәсіби таңдауын жүзеге асыруға ұмтылуы, өмірлік бағдарлардың болуы).

Бос уақытында компьютерлік ойындар ойнауды, далада серуендеуді немесе жай демалуды қалайтын мектеп оқушылары кәсіби таңдауға психологиялық тұрғыда дайын болмауы мүмкін. Ал, керісінше, бос уақытында интернетті өзін-өзі тәрбиелеу үшін пайдалануды қалайтын, «жетістіктер», «өзін-өзі анықтау», «руханилық», «жетілу» және «дәстүрді қолдау» сияқты құндылықтарға бағытталған оқушылар мамандық таңдауға психологиялық дайындықтың жоғары көрсеткіштеріне

ие болады. «Адам-адам» сияқты мамандықтарды ұнататын оқушылар моральдық таңдауды негіздеу кезінде ішкі тәжірибелерге, атап айтқанда, жүректің, ар-ожданның, киің сезімінің бұйрығына жиі сілтеме жасайды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысында кәсіптік тәрбие маңызды роль атқарады.

Оқушылардың еңбекке және кәсіби қажеттіліктерін қалыптастыру процесі кәсіптік тәрбие беру деп түсіндіріледі. Кәсіби тәрбиенің мақсаты – заманауи өндіріс талаптарына жауап беретін кәсіби маман, жоғары адамгершілік және кәсіби қасиеттерге ие жеке тұлғаны қалыптастыру.

Оған оқушылардың өзін-өзі анықтауға кәсіби қажеттіліктерін қалыптастыру, кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту үшін нақты алғышарттар жасау және өзінің еңбегінің нәтижесі үшін кәсіби борыш пен жауапкершілікті тәрбиелеу сияқты міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге болады.

Жалпы, кәсіптік бағдардың негізгі бағыттарына кәсіптік ағарту, кәсіптік диагностика және кәсіптік кеңес беруді жатқызуға болады.

Ал, кәсіптік бағдар беру жұмыстарының кезеңдері төрт кезеңге бөлінеді. Алғашқысы 1-4

• ЭССЕ

## Талап талантты ұштайды

**Би – бұл сенің тамырадағы төбіренің, жүрегіңнің қағысы, тынысың. Бұл өміріңнің ырғағы. Бұл уақыт пен қозғалыстағы, бақыттағы, қуаныштағы, қайғы мен қызғаныштағы көрінісі.**

**Жақ д'Амбуаз**

Би – еркіндік белгісі. Бидің де өзі үні, өз тілі болады. Би де талғамды қажет етеді. Мәселен, тілмен түсіндіре алмайтын жайтты бимен жеткізуге болады. Биде де аса терең философиялық ой жатады. Көңіліңізге шаттық пен рахатты би бере алатыны сөзсіз. Би ғұмырды ұзартады, жұмысқа, өмір сүруге деген құштарлықты арттырады, әрі өзінді сұлу сезінуіне көмектеседі.

Қазіргі дамыған заманда биді үйренетін өте көп оқу орындары, арнайы мекемелер де бар. Қош делік, мектеп – үйрететін орта болса, оның жүрегі – мұғалім. Дәл осы ұстаз – жастардың өмірге, қоғамға, мемлекетке деген көзқарасын қалыптастырушы басты тұлға. Заманауи ойлау қабілеті жетілген, өмірде өзін-өзі қалыптастыруға дайын, Отанын шынайы сүйетін және оның болашағын ойлайтын жастарды тәрбиелеу тек кәсіпкерлік ұстаздың қолынан келетіні анық.

Осы орайда, мен өзімді «Жылдың үздік жас маманы» атағына лайықпын деп есептеймін. Үздік ұстаз ретінде менің бойымнан табылатын бірнеше қасиеттерге тоқталсам деймін. Бұрын ұстаз тек ақпарат беруші тұлға ретінде қалыптасса, қазірде заман талабы бұл түсінікті түбегейлі өзгертті. Дана халқымыздың «Қарыны ашқа балық берме, қармақ бер» деген әдемі сөзі бар. Яғни, оқушыға дайын ақпаратты бере салмай, олардың білімді өзіндік ізденулері, зерттеулері арқылы түсінулеріне жағдай жасаймын. Екіншіден, мен өз оқушыларымның жағдайын түсінетін мейірімдімін. Олардың әрқайсының ішкі сырын түсініп, шынайы жанашырлықпен қарап, ақыл-кеңесімді беріп отырамын. Үшіншіден, мен алдыма келген әр оқушыма сенім білдіріп, оларды қанаттандырып отырамын. «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, сіз оқушыңыздың сеніміне кіріп, оқушыңыз сізге сенсе, онда табыстың кілті қолымда деңіз. Төртіншіден, оқушыларым менің ашық мінезімді, сыншыл да шыншылдығымды, әрқайсысына деген әділдігімді жоғары бағалайтындарын білемін. Оқушыларға берген үздемді орындау, айтқан сөзімде тұру оларға көрсеткен үлгі-өнегем деп білемін. Бесінші-

ден, оқушыларға қатаң талап қойып, сол талаптарымның орындалуына жүйелі бақылау жасап отырамын. Бұл қасиетім оқушыларымды жауапкершілікке, жинақылыққа, әрбір істі уақытылы орындауға баулиды. Алтыншыдан, әр оқушыма жүрегі қазақ деп соғуға тәрбиелеймін. Тәуелсіз елімізді шынайы сүйетін, көк туымызды желбіретіп, еліміздің мақтанышы боларлық ұлы тұлғаларды қалыптастыру менің басты мақсаттарымның бірі.

К.Ушинский: «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», дегендей, жанашылдыққа жаным құмар ұстазым.


Ендігіде өзімнің 10 жылдық еңбек жолындағы жетістіктерімнен бөлісіп өтсем. Мен «Үздік шығармашылық ұжым басшысы», Осакаров ауданы әкімінің мәдениет саласындағы сыйлығының (2019ж.) иегерімін. Мұнымен бірге, «Ортеке» облыстық этнофестивалінде «Фольклорлық ансамбльдің музыкалық сүйемелдеуімен би сюжеті» номинациясы бойынша ІІ дәрежелі диплом (2023ж.) еншіледім. «Ер-кесімін елімнің» облыстық хореографиялық байқауына жүлделер дайындалғаны үшін Алғыс хатпен (2022ж.) марапатталдым. «Шабыт шаттығы» атты VIII аймақтық байқауына қатысқаным үшін сертификат та (2023ж.) алдым.

Тағы басқа осы сияқты өзімнің және оқушыларымның жетістіктері аз емес. Тек оқушылардың жұмыстарымен шектелмей, жан-жақтылықты қолдап, түрлі мерекелік іс-шараларда жүргізуші де боламын. Жұмыстан кейінгі, кешкі уақытта ересек әйел адамдармен қосымша жаттығу жұмыстарымен (стрейчинг, зумба, кардио жаттығулар) айналысамын.

Бүгін бір елдің болашағына жол салатын жас ұрпақты білімді де білікті, ой-өрісі кең парасатты тұлға, қатаң бәсекеге қабілетті білгір азамат етіп тәрбиелеуде алдағы уақытта да аянбай еңбектене беремін.

**Гүлбану БАЙЖАНОВА,**  
**Осакаров аудандық балалар өнер мектебінің хореограф мұғалімі**

### Оқушылардың адекватты кәсіби таңдау жасай білуге дайындығының деңгейі



Инфографика автордан

сыныптан басталады. Яғни, оған бастауыш сынып оқушыларының еңбекке құндылық қатынасын қалыптастыру, оның адам өміріндегі және қоғамдағы рөлін түсінуі кіреді. Екінші кезең – 5-7 сынып оқушыларымен жұмыс. Бұл ретте оқушылардың танымдық тәжірибе мен кәсіби қызметке деген қызығушылығын дамыту негізге алынады. Келесі кезең – 8-9 сынып оқушыларына факультативтік сабақтар және таңдау бойынша басқа курстар барысында білім беру сұранысын нақтылау. Ал, төртіншісі – 10-11 сыныптарға өзін-өзі даярлау және өзін-өзі дамыту бойынша іс-қимылдарға оқыту, таңдалған еңбек түрінде кәсіби қасиеттерді қалыптастыру, кәсіби жоспарларды түзету, таңдалған қызметке дайындықты бағалау.

9 сыныптарда атқарылатын кәсіби бағдар жұмыстарға оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындығын қалыптастыру процесін жандандыру, өзін-өзі диагностикалау және мамандық әлемін білу негізінде оқушылардың өздерінің кәсіби

әлеуеті туралы барабар түсінуіне ықпал ету және қазіргі еңбек нарығының ерекшеліктерімен, таңдау ережелерімен және мамандық алу тәсілдерімен таныстыру кіреді.

Ал, 11 сыныпта кәсіби бағдар беру жұмыстарына жеке тұлғаны өзін-өзі анықтаудың жеке, кәсіби және әлеуметтік процесін жан-жақты дамыту, оқушыларды ересек жасөспірімнің психологиялық сипаттамасымен таныстыру кіреді. Одан бөлек, жеке тұлғаны өзін-өзі анықтау кезеңінде дамыту міндеттерін белгілеу және жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау процесінде қиындықтар мен оларды жеңу жолдарын анықтау дәл осы 11 сынып оқушылармен жүргізілетін жұмысқа кіреді.

Жоғарыда аталған жұмыстар жүйелі түрде атқарылса, айтарлықтай көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.

**Сымбат ИЛЬЯШОВА,**  
**Сламяя Саттаров атындағы мектеп-лицейінің педагог-психологы**



• МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

## Мұғалім – мектептің жүрегі

Әрбір адам баласының мамандық таңдауда өз қалауы болады. Біреулер дәрігер, біреулер мұғалім, кейбірі өнер саласына қызмет етсе, енді бірі ғылым жолында бар ғұмырын сарп етеді. Барлық адам балалық шағында, оқушы күнінде армандап, қиялмен өзінің келешекте қандай мамандық иесі болатынын ойлайды. Мектептен түлеп ұшып, мамандық таңдап, жоғары оқу орнына аяқ басады.

Мен бала кезімнен археолог болуды армандадым. Сол туралы ақпараттар біліп, үнемі ізденісте жүретінмін. 11-сыныпқа аяқ басқанымда әкем «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі боласын» деп шешімін айтты. Әрине, бұл мамандықтан отбасы алыс емес еді. Мен мұғалімдіктің қыр-сырымен әкем арқылы таныс едім. Бірақ әлі де арман-қиялымның жетегінде жүрдім. Жастардың «Мен өз қалаған оқуыма түспедім, әке-шешем кеңес берген соң ғана осы жолды таңдадым» деп жұмыссыз жүретіндері қазіргі қоғамның дерті десек артық болмас. Яғни, дипломын алып, сергелденге түсіп, өз жолына таба алмай жүреді. Әлі он-соңын дұрыс білмейтін мектеп оқушысы өз таңдауын жасай алмайды. Менің ұғымымда жақсы әке-шеше өз баласының қандай салаға бейім екенін біліп, аңғара алады. «Әкем маған қате жолды айтпайды» деп жоғары оқу орнына келген соң ғана мұғалім мамандығының маңызын ұғынуға ұмтылдым. Ойткені, әр адам өз мамандығын сүймесе, одан білікті де білгір маман шықпайтыны анық.

Қазіргі таңда өз мамандығын сүйетін мамандар саны аз. Көбінің ойы – күн көру, табыс көзін табу. Жалпы «күн көру» деген сөзді синоним ретінде «тіршілік ету» деп алмастырасақ болады. Ит-құс та, хайуан да күнін көріп, тіршілік ете алады. Осы тұста, «адам баласының хайуаннан айырмашылығы не?» деген сұрақ ойға оралады. Хәкім Абайдың «Атымды адам қойған соң қайтпін надан болайын?!» деген өлең жолдарын тілге тиек еткім келеді. Адам баласы «өмір сүруі» емес, өмір сүре білуі керек. Өмір сүре білу үшін әрбір адам қамшының сабындай қысқа ғұмырында ойып тұрар орны бар, артында із қалдыруы қажет. «Алаш» партиясының жүрген жолының қате емес екенін дәлел ретінде айтуға болады. Әлихан Бөкейханов мемлекетті басқару жүйесі, сот реформасы, Ахмет Байтұрсынұнов тіл, Мағжан Жұмабаев педагогика салаларында еңбектер жазған болатын. Мұғалім өз мамандығының қыр-сырын игеріп, ұрпақ тәрбиесіне атсалысса, дәрігер өз саласының тереңіне үңілсе, актер көрермен үшін түрлі образдар жасаса, Әлихан, Ахмет, Мағжан аталарымыз сияқты артында ұрпақ үшін пайдалы, зерделі із қалдырар еді.

Ұстаз және мұғалім. «Ұстаз» деген ұғымды әл-Фараби былай түсіндіреді: «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы



сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. Әрбір мұғалім ұстаз деген атқа лайық болуы керек. Тек мектепте ғана емес, күнделікті өмірінде де ұстаздық болмысын жоғалтпай, көпшілікке үлгі болуы керек. «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс» деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, мұғалім кемшілікті өзінен іздеуі керек.

Мен қазіргі күннен өзімді мұғалім болуға тәрбиелеп жатырмын. «Естігеннен көрген анық, көргеннен бастан кешкен анық» демекші, бос уақытымда мектепке барып, мұғалімдердің рұқсатымен сабақтарға қатысуға тырысамын. Ойткені, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты зерделей келе шыңдаламын.

Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» деп айтқан екен. Мен әкемнің кеңесімен мамандығымды таңдағаным еш өкінген емеспін. Қазір ізденіс үстіндемін. Әр студент болашақ мамандығының құндылығы мен қоғамдағы рөлін біліп ізденсе, оған сүйіспеншілікпен қарап, арманы мен мақсатын ұштастырса, білімі толысып, кемеліне жетеді. Түйіндей келгенде, менің мақсатым – бізге дейінгі қазақтың маңдайына біткен нар тұлғаларымыздың білім беріп, ұрпақ тәрбиелеп келген жолын өзіме қабыл алып, келер ұрпаққа аманат етіп тапсыру. Әксемді Ыбырай Алтынсариннің сөзімен аяқтаймын: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі».

**Нұрмухан РЫСКҰЛ,  
Е.Бөкетов атындағы  
зерттеу университетінің студенті**

• ҚҰРМЕТ

## Барлық мамандықтың анасы

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жан. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан, ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас неді.

Ұстаздардың төл мерекесі қарсаңында осындай бір ірі тұлға атанған, әріптесіміз, ұлағатты ұстаз туралы сыр шертіп, келешек ұрпаққа үлгі болса деген мақсатпен қалам ұстадым. Білім беру саласында аттай қырық үш жыл еңбек сіңірген біріншіден, аяулы ана, асыл жар, немерелердің аяулы әжесі, ұлағатты ұстаз атанған Қарлыға Малағаздарқызы Науқенованың өмірі – өнеге, еңбек жолы – үлгі. Сол кездегі Жезқазған педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша диплома не болған жас маман 20 жасында ауыл мектебінде еңбек жолын бастап, кейін жолдасының қызметінің жоғарылауына байланысты, Қарағанды қаласына қоныс аударады. Осыдан жиырма бес жыл бұрын Қарағанды облысы білім басқармасына қарасты тірек қимыл аппараты зақымданған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатына тәрбиеші лауазымына қабылданып, бүгінгі таңда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлығы қызметін

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, мұғалім – мектептің жүрегі».

**Ыбырай Алтынсарин**



жиырма жыл көлемінде атқарып келеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қыр-сырын меңгерген ұстаз балаға деген мейірімділігімен, олардың ата-анасына деген ыстық ықыласымен ерекшеленеді.

Қарлыға Малағаздарқызы – мектепті басқару негіздерін меңгерген байсалды әрі тәжірибелі маман. Ұстаз педагогикалық үдерістің заңдылықтары және заманауи психологиялық-педагогикалық теориялар мен оқыту технологиялары туралы білім жүйесін барынша меңгерген. Өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра алатын, өзінің кәсіби қызметінде қолданылатын ақпаратты іздеу, жинау, сақтау және өңдеудің заманауи әдістерін меңгерген білікті маман. Білім беру мекемесінің ішкі мүмкіндіктерін талдай отырып, туындаған мәселені шешудің тиімді жолдарын таба алатын көрген бас-

шы.

Қарлыға Малағаздарқызының мектеп-интернаты педагогикалық ұжым мүшелерінің шығармашылық өсуіне жағдай жасауындағы талапшылдығын, жаңашылдығын да айтпай кетуге болмайды.

Қарлыға Малағаздарқызы – «Қарағанды облысының үздік педагогтері» және «Білім берудегі үздіктер» халықаралық энциклопедияларына есімі жазылған, Оқу-ағарту министрлігінің, облыс әкімінің марапатына ие болған ұстаз. Ұстаз үшін ең басты марапат – тәрбиелеп отырған алдындағы балалар мен олардың ата-анасының ыстық ықыласы мен жүректен шыққан алғысы.

Әрбір жан-жақты қалыптасқан, табысты тұлға туралы сөз қозғалғанда ең бірінші, оның отбасы туралы ой келеді. Ойткені, адам өз отбасын ойдағыдай құра алса, сонда ғана табыстың кілті қолында болмақ деп есептеймін. Соның дәлелі ретінде Қарлыға Малағаздарқызының өзі ұлын ұяға қондырып, қызын қияға ұшырған саликалы ене атанып отырса да, қырық жыл бойы жолдасының анасын бағып-қағып, кейуана анын батасын алған ибалы келін болғанына қатты риза боласын.

Бүгінгі таңда Үкіметіміз ұстаз қауымының беделін арттырып, мұғалімдер мәртебесіне мән беріп отыр. Бұл ұстаздар алдына үлкен міндеттерді жүктейтіні анық. Арамздағы ұлағатты ұстаздардың үлгілі еңбек тәжірибесі мен өнегелі өмірі жас мамандарға әрқашан жол көрсетіп, жас ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлесін қоспақ.

**Эльмира АМАНДЫҚОВА,  
Қарағанды облысы  
білім басқармасының  
«№2 арнайы мектеп-интернаты»  
КММ директоры**

## Дерек пен дәйек

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің өзіндік бірегей ерекшеліктері бар. Ағартушылық саласы елдің тарихи және мәдени мұрасын, сондай-ақ, әлемдік үрдістердің белсенді қатысушы ретінде белсенді қамтып келеді. Соның бірнешеуіне тоқталайық.

### Міндетті білім беру

Қазақстанда міндетті орта білім 11 жылға созылады. 9 жыл – негізгі білім және 2 жыл – жоғары мектеп (немесе колледж). Барлық балалар 6-7 жасстан бастап мектепке барады.

### Техникалық және кәсіптік мектептер


Қазақстан техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға көп көңіл бөледі. Бұл мектептер өнеркәсіп, IT, медицина және т.б. сияқты экономиканың белгілі бір салаларына мамандарды даярлауға бағытталған бағдарламаларды ұсынады.

### Ұлттық тестілеу

Университеттерге түсу үшін талапкерлер АҚШ-тағы SAT жүйесіне ұқсас Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) тапсырады. Бұл бірнеше пәндерді қамтитын және бағдық жүйемен бағаланатын кешенді емтихан.

### Білім беруді цифрландыру

Соңғы жылдары білім беру процесіне цифрлық технологиялардың белсенді енгізілуі байқалады. Электрондық журналдар, қашықтықтан оқыту платформалары, сондай-ақ оқушылар мен студенттер арасында компьютерлік сауаттылықты жақсарту бағдарламалары енгізілуде.



### Халықаралық интеграция

Қазақстан Дүниежүзілік банк, UNESCO сияқты халықаралық білім беру бастамаларына белсенді қатысады, бұл елдің білім беру жүйесіне үздік әлемдік тәжірибелерді енгізуге ықпал етеді. Қазақстанның білім беру жүйесі білім беру сапасын, халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және жаһандық білім беру кеңістігіне интеграциялауға бағытталған елеулі реформалар мен өзгерістер жолында тұр.

• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

## «Ұстаздыққа жүрек қалауымен келдім»

Ұстаздар күні қарсаңында осы бір қастерлі мамандық иелерімен сұхбаттасып, оларды ұлықтау, дәріптеу – маңызды. Себебі, сыныпта отырып-ақ ұлт болашағын баптап, білім нәрімен сусындатқан аяулы жандар кез келген құрметке лайықты. Кәсіби мереке қарсаңында бала кезінен ұстаз болуды армандап, сол арманын іске асыра білген Жангелді Кенжебай есімді жас ұстазбен сұхбат құрдық. Жас болса да бірталай жетістікке жетіп үлгерген.

– Мұғалімдік мамандыққа келуіңізге не түрткі болды? Бала кезгі арманыңыз ба, әлде, ата-анаңыздың қалауы ма?

– «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дейді данышпан Абай. Ерінбей, жалықпай еткен еңбегінің арқасында шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген адам ғана нағыз ұстаз бола алады. Жалпы, менің мұғалім болуымның басты себебі – оқушы кезімнен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қызығушылығым болды. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан атындағы мектептің түлегі болғанымды мақтан тұтамын. Мектеп қабырғасында ұстазым болған Күміс Шамақова ерекше есте қалды. Өлең жаттауып, әдебиетке қызықтыра білген Жанәгул Нұрмухановаға да айтар алғысым шексіз. Туған ағам да ұстаз. Ол тарих пәнінен сабақ береді. Жалпы айтқанда, бұл мамандыққа жүрек қалауымен келдім. Жақсы ұстаздардан тәлім алып, жақсы адамдармен, ортамен аралас-құралас бола жүріп, мұғалім боламын деп бел будым.

Еңбек жолымды 2022 жылы №12 жалпы білім беретін мектептен бастадым. Қазіргі таңда Абай атындағы мектеп-гимназиясында сабақ беремін. Жыл өткен сайын тәжірибе жинап келемін. Жақсы ұстаз болу үшін мол тәжірибе керек екені даусыз.

– Естуіміше, біршама оқушыларыңыз білім бәйгелерінде айтарлықтай жеңістерге жетіпті. Жетістіктеріңіз жөнінде айта кетіңізші?

– Жалпы, Абай атындағы мектеп-гимназиясында оқушыға деген талап жоғары. Оқушылар өте білімді. Оларға сабақ беріп жүрген мұғалімдердің де кәсібилік деңгейі тиісінше. Талантты балалар өте көп. Тек соларға дұрыс бағыт-бағдар көрсете білсеңіз болғаны. Өздері-ақ тау қопарады. Мен өз оқушыларымын біліміне, қабілетіне сенемін. Олар маған сенеді. Екеуара сенім болған жерде ғана жетістік пен жеңіс болады деп ойлаймын. Мұғалімдік жолымның алғашқы жылдарынан бастап шәкірттерім



республикалық білім додаларында топ жарды. Бұл жетістіктер менің ынта, талабымды қуаттай түсті. Мәселен, Астанада өткен шығармашылық оқушылар арасындағы «Ақберен» IX республикалық өнер байқауында шешендік өнер номинациясы бойынша Еркежан Қаныш есімді оқушымыз 2-орын иеленді. Бұл жеңіс менің ғана емес, бүгінгі мектептің жеңісі еді. Сол сәттерде балаша қуанғаным әлі есімде. Өзі баптаған шәкірті топ жарса, мұғалім үшін сол таудай бақыт екенін сезіндім. Әр мамандықтың өз бейнесі мен зейнеті, қуанышы, шаттығы бар емес

пе?! Араға бір жыл салып Ақтау қаласында өткен X республикалық «Ақберен» оқуларынан 3-орын иеленді. V Республикалық «Ішкі – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы...» шешендік өнер байқауында 10 сынып оқушысы Дүйсен Абылай 1-орын иеленсе, Сия Айбота 3-орын иеленіп, биік тұғыздан көрінді. Бұл тек республикалық сайыстардың жүлдесі. Облыстық сайыстарда топ жарып жүрген оқушыларымыз қаншама. Өзім де мектеп қабырғасында оқып жүргенде білім додаларынан қалмайтын едім. Жеңістің дәмі қандай болатынын білемін. Сол жеңістің бал дәмін оқушыларым жиі сезінсе деп тілеймін. Білім олимпиадаларына еліміздің әр облысынан кіл мықтылар жиналады. Мыңның арасынан кара үзіп шығу әсте оңай емес. Міне, сондай оқушыларға сабақ беріп жүргенімді мақтан тұтамын.

– «Заманына қарай адамы» деген сөз бар. Бүгінгінің оқушысында смартфон бар. Жаһанның ақпараты, білімі алақандай құрылғыда. Соған орай, жас бүршінің ойлауы, дүниетанымы бөлек. Сіздіңше, осы күннің мұғалімі қандай болуы керек? Интеллектісі ерте дамыған оқушы өзін тыңдата алатындай мұғалімдерден негіз талап етеді?

– Мұғалім – шәкіртіне жол нұсқаушы.

Жол нұсқаушысы білімсіз болса, оқушысы құрметтемейтіні анық. Ұстаздың білімі, түйені мол болуы тиіс. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген нақыл бар. Ұстаз тек пәндік білім ғана беріп қоймай, шәкіртінің өмірлік қозғарысын шама-шарқысы келгенше қалыптастыруға тырысады, әлбетте. Әлемде ашылып жатқан түрлі жаңалықтар қызықтырады оларды. Біздің кез келген тақырыпқа сөйлесе алуымыз маңызды. Осыны түсіне отырып, мен әр сабаққа тыңғылықты дайындамын. Мәселен, әдебиет әлеміндегі соңғы жаңалықтарды біліп баруға тырысамын. Сыныбымдағы оқушыларды кітапқа басылған өткен тарих қана емес, келешектің де әңгімесі қызықтырады. Әсіресе, оқушылар экранизацияланған көркем туындыларды көреді. Сабақ үстінде анимациялық фильмдер мен интеллектуал аудиторияға лайықты көркем фильмдер талданып жатады. Мұның бәрі мені сөзсіз қуантады. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ өрелі тақырыптарды қозғай алатын шәкірттерімнен зор үміт күтемін.

– Жангелді мырза, сұхбаттасқаныңызға алғысым шексіз! Кәсіби мерекеңізбен құттықтаймын!

Сұхбаттасқан **Ерік НАРЫН,  
«Ortalıq Qazaqstan»**

Дайындаған **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,** «Ortalıq Qazaqstan»



• РЕСМИ

# Аумен балық аулауға рұқсат


Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының өзен-көлдерінен аумен балық аулауға рұқсат етпек. Әрине, ау қытайлық синтетикалық ау болмауы тиіс. Министрліктің мәліметінше, ірілі-ұсақ өзен-көлдердің барлығынан тұрғындар ау құрып, балық аулауларына болады.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Неге біз синтетикалық ауға тыйым саламыз? Себебі, ол ау тіпті, ескіріп, қолдануға жарамсызданып қалса да, судағы қаншама жануарға кесірін тигізеді. Тіпті, қаз-үйректер де балықшылардан қалған қытайлық аулардың құрбаны болғанын көзіміз көрді. Синтетикалық ау қанша күн көзіне қақталып жатса да, оңайлықпен үзілмейді. Оған жағалауда жүрген аңдар, ұшқан құс ілініп, өліп қалады. Тіпті, ол аудың жіңішкелігі сонша жануар ілінген сәтте табан асты ет пен сүйектің арасына бірақ кіреді.

Осының салдарынан аңдар мен құстар кейде тұрғылықты мекен-жайдың суатқа келетін малдары да арандалып қалатыны жасырын емес, – дейді орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы коммуналдық мекемесінің директоры Мақсат Мұқанов.

Бірақтар балық шаруашылығы және су айдындарын пайдаланушылар мен ақылы орындардан балық аулаушылардың бірнеше рет өтініш жасауына байланысты 2024 жылы балық аулауды бақылау кезінде өңіраралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары ғылыми ұйым өкілдерінің қатысуымен аулар-



дың түріне сараптама жасап, жергілікті өзен-көлдерден аумен балық аулауға рұқсат берді. Тіпті, аулардың әр түрі сынақтардан

өтіп, оның қайсы табиғатқа көп зиянын тигізсе, соған тыйым салынды. Ал, балықты бұрынғыдай сағаттап қармақпен аулау енді

артта қалмақ. Суга торкөз жібек ауды салып, қалағаныншына балық аулауға мемлекет рұқсатын берді.

Рұқсат берілетін мерзім тек бір ай көлемінде ғана жүзеге асады. Бұл ретте балықшыларға қойылатын өзге де талаптар жоқ емес. Мысалы, балық ауланатын аудың жіп қалыңдығы 0,2 мм, ал, тор аралығы 50 мм болуы керек көрінеді. Жалпы, пилоттық жоба былтырдан бастап іске қосылғанын айтады мамандар. Олардың сөзінше, ел аумағында аумен балық аулауға еш тыйым жоқ. Тек аулау құралдары талапқа сай болуы шарт.

Бүгінгі таңға дейін көптеген браконьерлер заңсыз аумен балық аулағандарын былай қойып, синтетикалық аумен балықты қырып салып келген. Онымен қоймай жарамсыз ауларын жағажайға тастап, өзге жабайы аң-құсқа кесірілерін тигізген. Бұндай өрескел заң бұзушылық заңмен қатаң жазаланады деп отыр құзырлы орындар.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Машина жасаушылар мерейі

Саран қаласында Машина жасаушылар күні алғаш рет аталып өтті. «Сұңқар» стадионында өткен мерекеге қала тұрғындары жиналды.



Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Машина жасау саласын дамытуға қосқан үлесі, кәсібилігі және адал еңбегі үшін «QazTehna» зауытының үздік қызметкерлері марапатталды.

– Бізге, яғни, қарағандылықтарға кеншілер мерекесін атап өту әдетке айналған. Дәл осындай атаулы күндер қатарына Машина жасаушылар күні де келіп қосылды. Бүгінгі таңда «QazTehna» зауыты машина жасау саласын дамытуда озық үлгілер танытуда. Мұнда 700-ге жуық адам жұмыс істейді. Олардың еңбек жағдайы жақсы. Қала үшін осындай іргелі өндірістер керек, – деді Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов.

Расында, әлем елдерімен терезесі тең мемлекет болу үшін өндіріс пен техниканы жаңарту – ұтымды қадам. Бұл тұрғыда

«QazTehna» ЖШС зауыты қамшы салдырмай тұр. Зауыттың бас директоры Арғұлан Майконовтың айтуынша, зауыттың басты құндылығы – жұмысшылар, олардың денсаулығы мен қаржылық жағдайы.

– Саран қаласының тарихында алғаш рет Машина жасаушылар күнін атап өтуде. Бұған өте қуаныштымыз. Біздің компания үшін басты құндылық – күн сайын өз білімін толықтыратын, өз мүмкіндіктерін арттыратын және сол арқылы машина жасауды дамытатын жандардың көп болуы. Әрине, жұмысына берілген, көзге түскен жұмысшылар да қолдаусыз қалмайды. Мұнда әр адам өз жұмысына тынғылықты. Олардың айлық табысы да соған сай, – деп атап өтті ол.

**Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР**

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін  
• жеңіл жүк көліктері үшін  
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін  
• арнайы техникалар үшін

БӘ АРҒАН ШИНАЛАР  
САТПАЙМЫЗ,  
БӘ АРҒАНДА БАҒАҒА  
САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

**Электрондық пошта:**  
**ortalyk.kaz**  
**@mail.ru**

# Ақтоғайда жаңа балабақша ашылды

Елімізде мектепке дейінгі мекемені қамтамасыз ету мәселесін оңтайландыру мақсатында кейінгі жылдары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жекеменшік балабақшалар бой көтере бастады. Жақында бұл бастаманың жалғасы ретінде Ақтоғай ауданында «Ақсұңқар» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы ашылды. Сәні мен салтанаты келісіп, айналасына қуаныш нұрын сепкен балабақша 70 балаға лайықталған. Жекеменшік балабақша ашып, игілікті жұмысты іске асырған құрылтайшы Дәулет Хибрат бұған дейін де екі жекеменшік балабақша ашып, балалармен тығыз жұмыс жасауды жақсы меңгерген кәсіпкер.

Нұрдос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа балабақшаның есігін толқи ата-ананың да, баланың да шаттығында шек жоқ. Осындай қуанышты сәтті бөліскен аудан басшысы Абылай Аманжолов жұртшылыққа ізгі тілегін жеткізіп, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов ақсақал ақ батасын берді.

– Мемлекеттік тапсырысты орналастыру негізінде және құны мемлекеттік бақшалармен

теңестірілуі нәтижесінде ата-аналар үшін жылдан кезекке тұру мәселесі келмесе кетті. Оның үстіне, жекеменшік балабақшаларда баланы жан-жақты дамыту мәселесі де қарастырылған. Сондай-ақ, уақытты оңтайлы үйлестіруді талап ететін ақпарат заманында, бала үш жасқа толғанға дейін күтпей, екі жастан бақшаға беру – ата-ана үшін таптырмас мүмкіндік, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.

Бұдан кейін аудан басшысы келген қонақтармен бірге бөбекжай-балабақша ішін аралап, бөл-

мелерімен танысты. Әр бөлме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталған. Яғни, мұнда 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Бүлдіршіндерге тек тәрбие беріп қана қоймай, олардың спортпен, музыкамен айналысуына да баса назар аударылған. Бүгінде мұнда 12 адам жұмыспен қамтылса, оның 6-ы педагог маман.

– Бұл балабақша көптен бергі жоспарланған жетістігінің бірі. Отбасымызбен бірлесе жұмыс жасап, балабақшада жинаған тәжірибем үлкен іске қадам бастуға сеп болды. Әр балаға төленетін жарна жас ерекшеліктеріне қарай 16-18 мың аралығында болмақ. Алдағы уақытта балабақшамыз патриоттық сезімдері жалындыған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін алтын орда болады деген сенім білдіремін. Бүлдіршіндерге есігін айқара ашқан бөбекжай-балабақша заманауи үлгіде жабдықталған. Бөлмелері кең, жылы әрі жарық. Мұнда үш топ бар. Білікті педагогтар балғын-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

дарға тағылымды тәліммен қатар, жан-жақты болуды үйретеді, – деді бөбекжай-балабақша директоры Ақерке Дәулетқызы.

Айта кетейік, тамақтану мәселесіне де балабақша басшылығы талғампаздықпен ден қойған. Танертеннен кешке дейін балаңыз бес рет үйлестірілген тағаммен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, балабақшаның басты ерекшелігі – мұнда бал тілді балғындарды қазақы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа баулу, ұлттық құндылықтарды ұлықтау көзделген. Сонымен қатар, кішкентайлардың денсаулығы – басты назарда. Дәрігерлер бөбектерді күн сайын тексеріп отырады. Ал, ата-аналар бұл балабақшада білімдер әрі саналы ұрпақ өсіп шығатынына сенімді.

Ақтоғай ауданы

• КИКБОКС

# Бір алтын, екі қола еншіледі

Кикбоксан Ташкентте өткен Әлем кубогында қарағандылық үш спортшы абырой асқарынан көрініп, жүлделі оралды. Оның бірі – Балқаш қаласының тумасы Гаухар Сайлаубек. Ол барлық қарсыласын уақытынан бұрып жеңіп, алтын медаль иегері атанды.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

53 елден жиналған 1200 сайскердің ішінде қарағандылық құраманың бағы жанды. Халықаралық деңгейдегі 135 төреші қазылық еткен айтулы жекпе-жек додасының жүлдегерлеріне оңай соққан жоқ.

– Қарсыластың осалы болмады. Барлығы доғаға сақалдай сай келген. Қол-аяқпен бірдей шабуылдап, қорғана біледі. Кикбоксшы үшін ең басты талаптар мен ережелер қатаң сақталып, тактикалық әдістер орынды қолданылды. Ең ба-

стысы ел абыройын ақтап қала алды. Спортшыларымыз аянып қалмады. Нәтижесі өздеріңізге мәлім, – деді Қарағанды жекпе-жек спорт мектебінің жаттықтырушысы Александр Логинов.

Бұдан бөлек, Дамир Қадыров пен Артур Гебель қола жүлдеге ие болды. Барлық қатысушыларға арнайы дипломдар ал, жеңімпаздарға ақшалай сыйлық табысталды.

Еске сала кетейік, бұл сайыстың маңызы ерекше. Себебі, кикбоксан Ташкентте өткен дода – алдағы 2028 жылғы Олимпиада ойындарына кикбокс спорттың кіруінің кепілі.



«Экоэксперт» ЖШС «Қарағанды облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері» жобасына Бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар 15.10.2024 бастап [ecorportal.kz](http://ecorportal.kz) сайтында өтеді. Жобалық материалдар БЭП порталында 20 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады. Мүдделі жұртшылықты қоғамдық талқылауларға қатысуды сұраймыз.

Жобалық құжаттамаға Тапсырыс беруші – «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»

ММ, БСН 030540003215. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 10008, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел.: 8(7212) 56-41-27, [pr.resurs@mail.ru](mailto:pr.resurs@mail.ru)

Жобалық құжаттама әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс, тел. / факс: 8 (7212) 42-56-17.

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecorportal.kz/Public>  
Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжайы және телефон нөмірі(-лері): [info@ecooexpert.kz](mailto:info@ecooexpert.kz); 8 (7212) 42-56-17.

ТОО «Экоэксперт» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме публичных обсуждений на Едином экологическом портале (ЕЭП) по Проекту «Целевые показатели качества окружающей среды Карагандинской области».

Публичные обсуждения будут проходить на сайте [ecorportal.kz](http://ecorportal.kz) с 15.10.2024 года. Проектные материалы будут доступны в течении 20 рабочих дней на портале ЕЭП. Заинтересованную общественность просим принять участие в публичных обсуждениях.

Заказчик проектной документации – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской обла-

сти» БИН: 030540003215 Юридический адрес: Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Лободы, 20, тел.: 8(7212) 56-41-27, [pr.resurs@mail.ru](mailto:pr.resurs@mail.ru)

Разработчик проектной документации – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек Би, улица Лободы, строение 40, тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecorportal.kz/Public>  
Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: [info@ecooexpert.kz](mailto:info@ecooexpert.kz); 8 (7212) 42-56-17.



• БАЙҚАУ

# Хакім жырын жатқа оқып...

Облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Ұлы халықтың – Ұлы Абайы» атты XVIII Абай оқулары облыстық байқауы өтті.

Байқауға аймағымыздың 15-21 жас аралығындағы талапты жастарынан іріктелген 40 үміткер қатысты.

Айтулы шараны ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Салтанат Кеңесбекова құттықтау сөзімен ашты.

Қарағанды облысының жастары арасында дәстүрлі түрде әр форматта өтіп келе жатқан Абай оқуларына қатысушы жастарға Абай мұрасынан нәр алып, оның асыл сөздерін, өресі асқақ поэзиясын, терең философиясын бойына сіңіру қажеттігін айтып, оларға сәттілік тіледі.

Шара барысында барлық қатысушы қазылар алқасының алдында хакімнің өлеңдерін жатқа, мәнерлеп оқып шықты. Қазылар алқасы байқаудың жүйріктерін таңдап, жеңімпаздарды анықтады.

Байқау қорытындысы бойынша «Ұлы халықтың – Ұлы Абайы» атты XVIII Абай оқулары облыстық байқауының «Үздік көркем сөз шебері» номинациясы бойын-

ша колледжінің студенті Асел Тикенова марапатталды.

III дәрежелі диплом Қарағанды қаласы №14 мектеп-гимназия оқушысы Наргиза Рымжан мен академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің студенті Сәзім Саятқа бұйырды.

Ынталандыру сыйлығын Сұрыптау станциясы «Жұмысшылар ауылы» №56 негізгі мектебінің оқушысы Диана Ғалымжан мен Бұқар жырау ауданы «Ростовка тірек мектебінің (РО)» оқушысы Самал Дүйсенбай жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының дипломдары және арнайы сыйлығы табысталды.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде Қарағанды облысы Жастар саясаты басқармасының басшысы Нұржан Лияшев сөз сөйлеп, жеңімпаздарды құт-



ша бас жүлде жеңімпазы Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенті Қаламқас Орынбай деп танылды.

I дәрежелі дипломымен Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті Алтынай Марат пен Қарағанды қаласы Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицейінің оқушысы Гаухар Бақытбек, II дәрежелі дипломымен Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Толғанай Ахметова мен Қарағанды жоғары «BOLASHAQ»

тықтады. Шара барысында Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігі «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің әншісі Ришат Шабденов Абайдың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін, Елдос Кәрімов ақынның «Торы жорға» күйін орындап, елдің көңілінен шықты.

Осындай талапшыл әрі ізденімпаз оқырмандары барда Абайдай ойшыл ақынның жырлары өлмек емес.

Өз тілшімізден  
Сурет ұйымдастырушылардан

• ХОККЕЙ

# Маусымды жеңіспен бастады

«Сарыарқа» хоккей клубы – еліміздің ең танымал және табысты хоккей командаларының бірі. Клуб 2006 жылы Қарағанды қаласында құрылған, содан бері Қазақстан хоккейінің дамуына және халықаралық аренада танымал етуге зор үлес қосып келеді.



«Сарыарқа» клубы өзінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ жоғары деңгейде өнер көрсетуге тырысты. 2012 жылы команда Қазақстан чемпионатында өз шеберлігін көрсетіп, көптеген жанкүйерлердің қолдауына ие болды. 2013 жылы «Сарыарқа» Ресейдің Жоғарғы хоккей лигасының жеңімпазы атанды. Бұл жетістік клубтың беделін арттырып, халықаралық деңгейде де танымал болуына жол ашты. «Сарыарқа» клубы шебер ойыншы-

ларымен танымал. Клубта Қазақстан ұлттық құрамасының ойыншылары да бар. Команда құрамы жыл сайын өзгеріп отырады, бірақ олардың мақсаты – жеңіске жету және жанкүйерлерге қуаныш сыйлау. Клубтың жаттықтырушы құрамы да білікті мамандардан тұрады. Олар ойыншылардың физикалық және тактикалық дайындықтарына үлкен көңіл бөледі.

«Сарыарқа» хоккей клубының дайындық орталығы – Қарағанды Арена. Фи-

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Арнағат» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы**  
**ӘБІДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна**  
**МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• ТУРНИР

# Достықты ту еткен доп додасы

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде жыл сайын футболдан факультеттер арасында турнир өтеді. Оған басқа да жоғарғы оқу орындарының құрамалары қатысады. Қатысушылар доп додасын асыға күтеді. Дәстүр биыл да үзілген жоқ. Ұстаздардан жасақталған командалар жүлделі орындар үшін барын салды. Осы жолғы турнир Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Досмағанбетовті еске алуға арналды.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кубокке 15 команда үміткер болған. Ойынға төрелік ету үшін кәсіби төрешілер келді. Алаңда доп теуіп шыныққан ұстаздар қауымы бірнеше жыл ішінде кәсіби футболшының деңгейіне жетіп алған десе де болады. Жоғарғы лигаларда ойнап жүрген турнир легионерлерінен еш қалысқан жоқ. Сауатты қорғаныс, өткір ша-

буыл. Дәл пас пен жойқын соққы. Ойын комбинациясы үтір, нүктесіне дейін ойластырылған.

25 қыркүйектен 3 қазанға дейін жалғасқан доп додасында I орынды дене шынықтыру факультеті иеленді. Олар ақтық сында математиктерді 6:0 есебімен жеңді. Команда сапындағы сұрмергендер өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқара білді. Үшінші орын «Отаутв» командасына бұйырды. Бұл ұжым университет ұстаздарының арнайы шақыртуымен

буыл. Олар жартылай финалда кубок иелеріне есе жіберген.

Марапаттау рәсімінде университет ректоры Нұрлан Дулатбеков жеңімпаздар мен қатысушыларды құттықтап, турнирдің маңыздылығына тоқталды.

– Бұл турнирдің басты мақсаты – университет оқытушылары мен студенттері арасында саламатты өмір салтын насихаттау. «Тәңі саудың – жаны сау». Былғы доданы университетке тиесілі спорт кешені салдырған мемлекет қайраткері Сұлтан Досмағанбетовке арнап, әруаққа құрмет көрсетіп отырмыз. Бұл жерге кілең мықты футболшылар жиналды деп есептеймін. Жалпы оқытушылардың шеберлік деңгейіне қарап, осылай деуге болады. Жанкүйерлерге де қарап, көңілге қуаныш ұялайды! Бұл да бір университет ішіндегі ауызбірлік пен ынтымақты білдіреді. Осы турнирге демеушілік жасаған Нұрлан Сұлтанұлы Досмағанбетовке ерекше алғысымды білдіремін! – деді Нұрлан Дулатбеков.

Жүлделі орын алған командаларға кубоктар мен медальдар және қаржылай сыйлық берілді. Сонымен қатар, «Үздік ойыншыға», «Үздік қақпашыға», ең көп гол соққан «Сұрмергенге» жеке-жеке қаржылай сыйлықтар табысталды.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБІДІҒАЛЫМ**



• ДОЙБЫ

# Ардагерлер бақ сынасты



Ақтоғайда Қарттар күніне орай дойбыдан ардагерлер мен жастар арасында өзара турнир өтті. Турнирге бас аяғы отыз шақты дойбышы қатысты.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараны аудан әкімінің орынбасары Д.Мұқатаев және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов құттықтау сөзімен ашты.

Екі топқа бөлінген дойбышылар іріктеліп, келесі айналымға шыққан төрт ардагер өзара кездесіп, жеңімпаздарын анықтады. Нәтижесінде жүлделі бірінші орынды Е.Шәрбеков, екінші орынға

Ж.Күземханов, Ж.Шәкәрімов, үшінші орынды Қ.Төлеубеков иеленді. Шараны аудандық спорт бөлімі ұйымдастырып, барлық дойбышыларға арнайы диплом мен заттай сыйлықтар тапсырды.

Сондай-ақ, қазыналы қарттар күніне орай ұйымдастырылған шараға Ақтоғай ауданының әкімі А.Аманжолов, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуовтер арнайы бас сұғып, мерекемен құттықтады.

Айта кетейік, сондай-ақ, дойбы турниріне аудандық жастар орталығы демеуші болып, бағалы сыйлықтар табыстады.

Ақтоғай ауданы  
Сурет автордан

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VR00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KZJWBK2XK БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 112 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Жан АМАНАЙ**